



# ҚАЗАҚ

# УНИВЕРСИТЕТІ

№ 04 (1309), 29-сәуір, 2002 жыл



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

## Кездесу

Жуырда, яғни 25 наурыз күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттер сарайында Иран Ислам Республикасының Президенті Мохаммад Хатами мен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қонақта болып, университет оқытушыларымен, білім алып жатқан жастармен кездесіп қайтты. Кездесуге жиналған қауым студенттер сарайына лық толып, қонақтарды үлкен қошемет, ыстық ықыласпен екі елдің жалаушаларын қолдарында желбіреті ұстап қарсы алды.



## Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

# “МАМАН даярлаудан гөрі АДАМ даярлауға көбірек көңіл бөліңіздер!”

Кездесуді университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов сөз сөйлеп ашып, қонақтарға ҚазҰУ-дың жеткен жетістіктерін, білім беру барысындағы салмағын саралап айтып, оның Қазақстан ғылымы мен біліміндегі орнын атап көрсетті. Біздің шығыстану факультетінде иранистер ұйымдастырған бөлімнің бар екендігінен хабар беріп, ол бағыттағы атқарылып жатқан шараларға тоқталып өтті. Бұдан кейін Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа сөз берді.

Президентіміз өзінің ҚазҰУ жөнінде ерекше пікірде екендігіне, аталмыш оқу орнының Қазақстандағы бірден-бір жоғары сатыда білім беретін ірі, ең басты білім шаңырағы болып табылатына тоқталды. Сондай-ақ, өзінің осы университеттің “Құрметті профессоры” болып табылатынын мақтанышымен еске алып, алдағы уақытта да ҚазҰУ-

ге ат басын бұрып, онда дәрістер оқып тұруға уәдесін берді.

Елбасымыз студент жастар мен оқытушы-профессорлар құрамына арнаған өз сөзінде университетте тек мамандыққа баулып қоймай, сонымен бірге өзінің елін, жерін сүйетін, рухы мықты, парасат-пайымы жоғары Адам қалыптастыру қажеттігін, осы мақсатқа басым бағыт беру керектігін астың сыза айтты.

Мұнан соң Елбасы Иран Ислам Республикасының Президенті Мохаммад Хатамиды таныстырып, оның қысқаша өмірбаянына, саясат, ғылым саласындағы жетістіктеріне тоқталып, сөз кезегін мәртебелі қонаққа ұсынды.

Мохаммад Хатами қалам ұстаған білімді адамдар ортасында сөз сөйлеудің үлкен жауапкершілікті қажет ететіндігін айтып, өзі үшін осындай кездесу

үлкен мәртебе екендігін білдіріп, кішілік танытты. Өз сөзін: “Жауларымызға сабырлы, достарымызға мейірілі көзбен қарайық”, - деген даналық ойымен аяқтады.

Кездесу барысында университет ректоры Т.Ә.Қожамқұлов ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесінің шешімімен Иран Ислам Республикасының президенті Мохаммад Хатамиға “ҚазҰУ-дың құрметті профессоры” деген атағы берілетіндігін мәлімдеп, профессорлық мантиді үстіне жапты.

Ал мәртебелі қонақ өз кезегінде ҚазҰУ ректоры Т.Ә.Қожамқұловқа үлкен ризашылығын білдіріп, Иран елінде сақталған Қожа Ахмет Ясауи еңбегі қолжазбасының көшірмесін сыйға тарту етті. Осы сәтте белгілі ақын, университет профессоры Өтеген Күмісбаев өзінің еліне, халқына, екі елдің Елбасына арнаған иран-парсы тіліндегі өлеңін көпшілікке оқып берді.

Кездесу соңында қонақтар салтанатты дастархан мәзірінен дәм ауыз тиіп, үлкен ризашылықпен қайтты.

Бекжан ӘШІРБАЕВ

## Әз-Наурыз – жыл басы



# ҚАЛАШЫҚТАҒЫ ЖАҢАРУ МЕЙРАМЫ

Сәуірдің 13-ші жұлдызында Ө.А.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында өткізілген университеттің Наурыз мерекесіне көпшілік қауым молынан жиналды. Қонақтарды күту үшін сарайдың екінші қабатына қазақ халқының ескіден келе жатқан салтымен 5 киіз үй тігіліп, онда дастархан мәзіріне ұлттық тағамдар тарту етілді.

Сол сәттегі Алматы аспанының жаңбырлы болуы ұйымдастырушы топтың сценарийіне өзгеріс енгізіп, жылдағыдай Наурыз мерекесі студенттер сарайының алдында емес, оның ішіндегі үлкен фойеде өткізілді. Осынау мәжбүрліктен туған әрекет концерттік бағдарлама барысында акустикалық тұрғыдан сапалық бәсеңдікке себепші болғанымен жалпы мерекелік көңіл-күйді бұза алған жоқ.

Салтанат құшағындағы сарай мен тігілген отаулардың безендірілуіне, жалпы жыл басын қарсы алу шараларының ұйымдастырылуына Н.Омашев бастаған Тіл және тәрбие бөлімінің сіңірген еңбегі ерекше екендігін атап өткен ләзім.

Думанды кештің жүргізушілері Абылай Бекбосынов, Қанағат Әбілқайырұлы және Мәншүк Мәмбетовалар оқу орнының факультеттері мен бөлімдерінен құралған 18 отаудың әрқайсысын өздеріне сай ерекшеліктерімен атап таныстырып, оларды мамандықтарына сәйкес ұрандарымен ортаға шақырды.

Мерекелік салтанаттың басталу рәсімі ҚазҰУ ректоры, профессор Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұловтың жаңару, жасару мейрамына келген жұртшылыққа арналған құттықтау сөзімен ашылды. Сондай-ақ, Бостандық ауданының әкімі Амангелді Кәрімұлы Ұлыстың ұлы күнін тойлауға жиналған көпшілікке ізгі тілегін жеткізді. Айтылған қос тілектің “тұздығы” ретінде университет қызметкерлері

- белгілі айтқы ақындары Мұхамеджан Тазабеков, Бекжан Әшірбаев, Оразалы Досбосыновтар домбыраларын қолға алып, дәмді жырдан шашу шашты. Осылайша басталған мерекелік думан өрі қарай жүректі өлділер, жанды жалыратар әсем әуен, төтті күймен жалғасты. Кеш барысында ұлтымыздың ұмытыла жаздап аман қалған ежелгі салт-дәстүрлерінен көріністер көрсетілді. Келін түсіру рәсімінде Мұхамеджан Тазабеков жырлаған «Беташар» өлеңі көпшіліктің көңілінен шығып, ерекше тәнті етті. Ал, басына ақ шалма тартып, үстіне ақ шапан киіп, өз-Наурыздан басталған жылдың қайырлы болуын тілеп, бата қайырған Қызыр Ата – өз қызметкеріміз Сансызбай Мәдиевтың көрсеткен өнері де шынайылығымен көпшілікке жылы әсер сыйлады. Бұлардан басқа «Сыңсу», «Жар-жар», «Неке қию», «Қыз бен жігіт айтқысы» секілді көріністердің де жоғары деңгейде орындалғанын айта кеткеніміз жөн.

Университеттің «Фараби сазы» оркестрі,

«Спектр» бишілер тобының орындауындағы өнер туындылары да той сәнін арттыруға өзіндік үлестерін қоса білді. Шығыстану факультетінде төлім алып жатқан оралман студенттер мен дайындық факультетіндегі Америка, Түркия, Монғолия, Иран, Қытай, Жапон, Корея, Мексика, Польша, Венгрия, Тайван, Канада сияқты шет мемлекеттерден келген тыңдаушылар да өз өнерлерін көрсетіп, мерекеге атсалысты.

Дүбірге толы думан соңында барша қауым Жалпы және өндірістік-шаруашылық мәселелер жөніндегі проректор С.Шалғымбаев, “Парасат” кәсіподағының төрайымы М. Мұқашева, Тамақтану комбинатының директоры Н.Долговязовалардың ұйымдастыруымен дастархан мәзіріне қойылған палау мен наурыз көженің дөмін татты.

Сәндібек ЖАНИҰЛЫ

## Бүгінгі санда:



3-стр.

ЯЗЫК  
КАК  
АТТРИБУТ

## ГОСУДАРСТВЕННОЙ НЕЗАВИСИМОСТИ

25 апреля в своей приветственной речи на встрече со студентами и преподавателями КазНУ имени аль-Фараби Нурсултан Назарбаев особо подчеркнул, что сегодня необходимо уделять внимание не только подготовке специалиста, но прежде всего воспитанию гражданина своей страны. И главным ключом к воспитанию личности, безусловно, является государственный язык. Этой проблеме посвящен материал профессора Намазалы Омашева.



5-бет

АБЫРАЛЫ  
апатына арналған  
алғашқы дастан



Победа  
команды  
КазНУ

6-стр.

7-бет



КИНОТЕАТРАДАҒЫ  
СӨЗ САЙЫСЫ

**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС**

2002 жылы 26-шы наурызда өткен Ғылыми кеңес мәжілісінде университеттің құрылымдық бөлімшелеріндегі және факультеттеріндегі өзгерістер туралы проректорлар мен декандар хабарлама жасады. Шығыстану факультетінің жұмысы жөнінде доцент Н.Алдабектің және комиссия төрағасы С.Мәшімбаевтың есепті баяндамалары тыңдалды. Сондай-ақ, дайындық факультетінің деканы Қ.Аққошқарова Ғылыми кеңестің 27.03.2001 жылы «ҚазМУ-де және Қазақстанның жоғары оқу орындарында шетел азаматтарын оқуға дайындау жұмысы туралы» қаулысының орындалу барысына тоқталды. Профессор Ж.Әбілов химия факультетінде «Радиоэкология, радиациялық қауіпсіздік» мамандығын ашу туралы ұсыныс айтты.

**РЕКТОРАТ**

Сәуірдің 9-ы күні өткен Ректорат мәжілісінде проректор Ж.Дәдебаев қазақ тіліндегі оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерінің жарыққа шығуы жөнінде хабарлама жасады. Бұдан кейін университеттің студенттік бөлімінің қызметі жөнінде осы орталықтың бастығы Б.Сейітовтың және оқу бөлімдерін жөндеу, қалыпқа келтіру жұмыстары туралы С.Шалғымбаевтың хабарламалары тыңдалды. Сонымен бірге компьютер орталығының директоры У.Төкеев оқу орнындағы компьютер жүйесінің қызметіне, проблемаларына тоқталып өтті.

**Мерейтой**

Сәуірдің 12-ші жұлдызында ҚазҰУ-дың мәжіліс залында университеттің құрметті ардагері, физика-математика ғылымының докторы, ҚР ҰҒА-ның академигі А.Т.Лукьяновтың 80 жасқа толған мерейтойы аталып өтті.



**ҒҰМЫРЫН ҒЫЛЫМҒА АРНАҒАН**

Оған ҚазҰУ ректоры Т.Ә.Қожамқұлов қатысып, ұстаз-ғалымның шәкірттер даярлау жолындағы сіңірген еңбегіне қысқаша тоқталып өтті. Бұдан кейін сөз алған ғалымның шәкірті М. Орынханов ғұмырын ғылымға арнаған ұстазының өмірбаянындағы маңызды-маңызды даталармен таныстырып, еңбек жолын жан-жақты өңгімелеп берді. Сондай-ақ, факультет декандары Ж. Әбілов, Ә.Асқарова, т.б. ұстаздар ұжымы академик ғалымның бойындағы тағылымды қасиеттерін үлгі тұтып

келе жатқандарын айтып, мерейтой иесінің мыңдаған шәкірттерінің атынан түрлі сый-сыяпаттарын тапсырды. Кеш барысында университет ректоры ғалымға Алматы қаласының 2 томдық энциклопедиялық жинағын тарту етті. Сөйтіп, сексеннің сенгіріне шаршамай-шаддықпай, абыройлы қалыпта жеткен қарт ұстаз шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленіп, ұзақ жылдарға созылған еңбегінің жемісіне орай жылы лебіздерге кенелді.

(Өз тілшімізден)

**3 аң және заман**

**БОЛАШАҚ ЗАҢҒЕРЛЕР БӘСЕКЕСІ**

2002 жылдың сәуір айының 18-19-шы жұлдызында университеттің заң факультетінің ұйымдастыруымен құқықтану саласына арналған 5-ші республикалық студенттер олимпиадасы болып өтті.

Қазақстандағы жоғары оқу орындарының заң бөлімінде тәлім алып жатқан студенттердің қатысуымен жүзеге асырылатын мұндай олимпиада ҚазҰУ шаңырағында бірнеше жылдан бері өткізіліп келеді. Студенттердің алғашқы құқықтық олимпиадасы ҚазҰУ-де 1998 жылы Қазақстан Республикасындағы заң саласында білім берудің 60 жылдығына орай өткізілген болатын. Ол кездегі олимпиадаға 10 жоғары оқу орындарынан қатысушылар келсе, биыл бұлардың саны 18-ге жетіп отыр. Олимпиаданың негізгі мақсаты – еліміз жоғары оқу орындарының заң бөлімінде оқып жатқан дарынды жастардың болашағына жол ашу, сөйтіп Қазақстан Республикасының құқықтық-демократиялық мемлекет болып қалыптасуын қамтамасыз ететін лайықты маман заңгерлерді даярлауға өзіндік үлестерін қосу болып табылады.

Олимпиада бағдарламасы бойынша студенттер – бірінші турда мемлекет және құқық теориясы мен конституциялық және әкімшілік құқық пәндерінен, екінші турда қылмыстық және қылмыстың кезеңдік құқығы пәндерінен, үшінші турда азаматтық және азаматтық-кезеңдік құқық пәндерінен ауызша сынақтан өтті.

**Конференция**

**АУДАРМА МӘСЕЛЕСІ**

**АЛАҢДАТУДА**

Сәуір айының 18-19 күндерінде филология факультетінде «Көркем аударманың теориясы мен тарихының өзекті мәселелері» атты халқаралық ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Мәжілісті ҚазҰУ-дың Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры А.И.Купчишин кіріспе сөз сөйлеп ашты.

Бұдан кейін сөз алған шешендер өз баяндамаларында қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихындағы аударма мәселесіне қатысты ой-пікірлерді ортаға салды. Екі күнге созылған конференция барысында «Әдеби шығарманы аударудың көркемдік-эстетикалық негіздері», «Көркем мәтіндерді таржімалаудың лингвистикалық мәселелері» және «Көркем аударманың методикасы мен методологиясы» деген тақырыптарды, келелі мәселелерді қозғаған үш секция жұмыс істеді. Бұл секциялардың тақырыптарының өзінен көрініп тұрғандай, қазақ әдебиетіндегі көркем аударма саласының басындағы бүгінгі таңда орын алып отырған кемшіліктер, проблемалар айтылып, осы мәселені шешудің жолдары кенінен талқыланды.

(Өз тілшімізден)

**Наши конкурсы**

**ИНТЕЛЛЕКТ ИМЕЕТ ТИТУЛ**

Интеллект – лучшее качество студента XXI века. Интеллектуальные шоу являются неотъемлемой частью постоянного образовательного процесса, который сопровождает человека на протяжении всей его сознательной жизни.

Целью развить и продемонстрировать интеллектуальные возможности студентов задается и отдел новых информационных технологий Научной библиотеки Казахского национального университета имени аль-Фараби. Был организован клуб любителей компьютерных игр «Интеллект». Теперь не надо ехать в Москву к Максиму Галкину или покупать карточки, чтобы попасть в студию к Евгению Жуманову. Достаточно принять участие в этом массовом турнире. Общественный доступ в эти дни способен обеспечить только компьютер и его глобальный спутник – Интернет.

3 апреля 2002 года с успехом было проведено первое интеллектуальное шоу «КТО ВЫИГРАЕТ 100 ЧАСОВ В ИНТЕРНЕТЕ?». Шоу представляло собой компьютерный аналог телевизионной английской игры «Кто хочет стать миллионером?». В конкурсе приняли участие студенты, преподаватели, сотрудники КазНУ и другие, желающие выиграть бесплатные часы в Интернете.

Основной целью проведения интеллектуального шоу явилось развитие информационного мировоззрения современного общества с помощью новых технологий, присущих XXI веку. Необходимо было определить уровень информационной культуры молодежи. Студенты показали свое умение работать на компьютере в режиме реального времени. Поддержалась идея пополнения знаний молодежи в игровой виртуальной форме. Нужно было выбрать игрока, обладающего верным стилем мышления, мгновенной реакцией восприятия информации.

Научная библиотека щедро наградила победителей бесплатным доступом в Интернет. «Счастливики» разделили между собой 100 часов бесплатного доступа к глобальной сети: 1 место – 50 часов, 2 место – 30 часов, 3 место – 20 часов.

Нурмухамбетова Шолпан заняла первое место, теперь она будет совладать два почетных звания. сотрудник методического отдела ректората и «Король интеллекта», второе место – Абдрахманов Аскар, студент 5 курса исторического факультета – «Барон интеллекта», третье – Нуртаза Самат, студент факультета международных отношений – «Маркиз интеллекта». Они первые, но не последние «коронованные» персоны. Студенты, вышедшие в финал и принимавшие активное участие в Интеллектуальном шоу, были награждены памятной книгой: Е. Ертысбаев «Казахстан и Назарбаев: логика перемен». Эту грандиозную по глубине замысла идею активно поддержали лучшие представители факультета международных отношений университета. С особой теплотой хотелось бы отметить Исакова Уалихана, Кузенбаева Тлеубека, Киришина Евгения, Джурунова Ержана и других.

Будущее нашей Республики – за главенством интеллекта во всех областях жизнедеятельности. Научная библиотека как путеводная звезда интеллектуального процесса университета всегда будет опираться на принцип доступности и открытости. Открытый доступ к Интеллекту – это девиз Научной библиотеки.

Г.М. МУСАГАЛИЕВА, зав. отделом новых информационных технологий научной библиотеки КазНУ



**Үздіктер**

Қандай елдің де үміт артқан болашағының нұрлы болмағы бүгінгі желкілдеп өсіп келе жатқан жас ұрпағына сапалы білім бере алуымен тікелей байланысты екені анық. Осы ретте бойында таланты бар қабілетті жастарға мемлекеттік деңгейде мән беріп, олардың білімдерін жетілдіруіне жан-жақты қолдау көрсету басты парыз. Әрине, еліміздің ертеңін ойлаған көзіқарақты азаматтар бұл тарапта да үнсіз қалмай, жасап жатқан нақты іс-шаралар атқаруда. Осындай мақсаттағы ізгі шараның бірі - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болып өтті.

**Қабілетті жастарға қамқорлық жасалды**

Мұнда университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов былтырғы жылы орта мектепті алтын белгімен бітіріп, ҚазҰУ-ге оқуға түскен бүгінде бірінші курсты тәмамдауға жақындаған студент жастармен кездесті. Статистикалық дерек бойынша, былтырғы жылы орта мектепті алтын белгімен бітіріп, Алматы қаласына оқуға келген жастардың 50 пайызы ҚазҰУ-ге ат басын тіреген екен. Кездесу барысында осынау жастардың арасынан шығып сөз алушылар бір жыл бұрын болашақ мақсаттарына қол жеткізуге үлес қосар білім шаңырағын таңдауда қателеспегендіктерін айтып, өздері тәлім алып жатқан факультеттің ұстаздар ұжымына алғыс сезімдерін білдірді.

Алдағы уақыттарда да ұстаздар сенімін ақтауға бар күш-жігерлерін арнап, егемен еліміздің ертеңгі тұтқасы болар тәлімді де тәрбиелі азаматтар қатарынан табылу жолында еңбек ете беретіндерін айтты.

Кеш соңында университет ректоры Т.Ә. Қожамқұлов жиналған шәкірттер қауымының әрқайсысына 3000 теңге көлемінде көтермелеу сыйақысын және «Елорда» баспасынан шыққан Е.Ертісбаевтың «Қазақстан и Назарбаев: логика перемен», «Ана тілі» баспасынан жарық көрген О.Әбділдаулының «Сөз бен саз» атты кітаптарын тарту етті.

(Өз тілшімізден)

**Олимпиада**

**Оқушылар жүлдегер атанды**

Наурыз айының 13-ші жұлдызында мекен-математика факультетінде информатикадан олимпиада болып өтті. Олимпиаданы ұйымдастырған осы факультеттің информатика кафедрасының оқытушылар ұжымы.

Аталмыш кафедра өткен жылдың желтоқсан айында ашылған болатын.

Кафедраның оқу жоспары негізінен елімізде математика саласы бойынша бүгінгі заман талабына сай информатика мамандарды дайындап шығаруға бағытталған. Мұнда оқытылатын негізгі оқыту бағдарламаларын атап өтсек, олар - қолданбалылық пакеттер мен компьютерлік дизайн салаларындағы жобалардың іс жүзінде мамандандырылулары; алгоритмдік қамтамасыздандыруды жасау; қазіргі заманғы программалау технологияларын және операциялық жүйелерді программалау, тілдердің мәліметтер базасын, эксперимттік жүйелерді құрудың жана тәсілдерін дамыту; өндірістік, қаржылық және ғылыми ұйымдарда, бизнестік құрылымдарда жұмыс істеу; компьютерлік және математикалық пәндер циклін кез

келген оқу орындары деңгейінде оқыту бағыттары.

Олимпиадаға Алматы қаласындағы техникалық лицейлерден, мектептерден келген оқушылар мен жоғары оқу орындарының математика факультетінің 1-курс студенттерінен құралған 76 үміткер қатысты. Сайыс қорытындысында жүлделі орындарды А.Задаулы (1-орын), К.Шабалин (2-орын), Д.Новиков (3-орын) тәрізді оқушылар иеленіп, ал 4-орынды Р.Рогаткин мен С.Склонин деген оқушылар өзара бөлісті. Жемініпаздарға алған орындарына қарай 3000, 2000, 1000 теңге көлемінде қаржылай сыйақы беріліп, арнайы сертификат табыс етілді.

Жалпы, механика-математика факультетінде болашақ информатик мамандардың жан-жақты білім алуына барлық жағдай жасалған.

Факультетте дербес компьютерлердің ең жана модельдерімен жабдықталған алты арнайы компьютерлік кластары жұмыс істейді. Студенттердің «Интернет» ақпараттық жүйесін ақысыз пайдалануға мүмкіндіктері бар. Егер жоғарыдағыдай олимпиадалар факультет аясында жиірек өткізіліп тұрса, оған қатысқан оқушылар кәсіби дәрежеде білім алуға мүмкіндіктің молдығын көріп, келешекте осы жерде оқуға талап қылары сөзсіз.

(Өз тілшімізден)

**Бастама**

**Қазақ тіліне арналған акция**

Наурыз айының 20-21 жұлдызында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі жастардың ғылыми-мәдени орталығының және филология факультетіндегі «Қазақ тіліндегі қарым-қатынас клубының» ұйымдастыруымен «Қазақ тілінде сөйлесейік» атты акция өтті.

Акцияның негізгі мақсаты - мемлекеттік тілді үндеу, әрі оның халық арасында, қазіргі қоғамда, әсіресе, жастар ортасында қолданылу деңгейін байқау болды. Акция өткізу бағдарламасы бойынша алдын-ала әр факультетке таратылып ілінген, хабарланған «Қазақ тілінде сөйлесу үлгісі», «Сұрақтар тізімі» листовкалары, карточкалары бойынша көпшілікпен әңгімелесу, сол күні әр оқытушы өз сабағын қазақ тілінде бастап, аяқталуын бақылау, анкета жүргізу сияқты жұмыстар атқарылды. Акция соңында оның қорытындылары бойынша дөңгелек үстел өткізілді. Акцияны ұйымдастырып, іске асырушылар – жалпы және этникалық педагогика кафедрасының доценті С.Д. Есенжолова, әдеби

шығармашылық және көркем аударма теориясы кафедрасының аға оқытушысы Л.Ж.Мұсалы, психология кафедрасының ассистенті А.Исабекова, тарих факультетінің магистранты Т.Бұқарбаева және акцияны негізгі атқарушылар – филология факультеті әдеби шығармашылық бөлімінің 3 курс студенттері және психологтар, тарихшылар.

Біз өз тарапымыздан, филология факультетіндегі «Қазақ тіліндегі қарым-қатынас клубының» сабақтары әр дүйсенбі сайын сағ. 17,30 да, 305 «б» аудиторияда өтіп тұратынын қосымша хабарлап өтеміз.

Меруерт ӨСКЕНБАЕВА



Наши ценности


Язык – явление, определяющее бытие не только индивидуума, но и нации, народа, общества и государства в целом. Язык издревле использовался как политическое средство, имеющее неограниченное влияние на самосознание и мировоззрение человека. Среди человеческих ценностей язык имеет первостепенное значение. И культура, и искусство, и наука – все это создается посредством языка. Даже смысл и значение технократии мы понимаем с помощью языка.

Казахский язык, являющийся государственным языком суверенного Казахстана, уходит корнями в далекие времена древнеалтайского периода (хронологически не определен), хунского периода (IV-V в.в. до н.э.) и более позднего древнетюркского периода (V-X в.в. н.э.). Этот язык входит в кыпшакскую группу западных тюркских языков.

В конце XIX века на территории Казахстана процентное соотношение коренной национальности составляло 81,1%. Таким образом, на территории Казахстана существовала одноязыковая среда. В те времена, для того чтобы сблизиться с казахским обществом, переселенцы изучали казахский язык, а губернатор и его окружение имели при себе переводчика – толмача.

Однако советская власть, установившаяся в казахской степи, вскоре приступила к централизации русского языка. Казахский алфавит несколько раз подвергался изменениям. В республике полным ходом шла русификация сферы образования и воспитания.

В 1919, 1921, 1924, 1927 и 1930 годах Ахмет Байтурсинов, Алихан Бокейханов, Сакен Сейфуллин, Жусипбек Аймауытов и мн. др. представители казахской интеллигенции неоднократно поднимали перед общественностью вопросы ведения делопроизводства на казахском языке и обязательного изучения казахского языка в русских школах. Они принимали активное участие в подготовке и принятии официальных документов, касающихся использования казахского и русского языков в республиканских государственных учреждениях. Несмотря на эти усилия, в обществе продолжалось ущемление языка, что, несомненно, тормозило процесс



Н.О.ОМАСHEB, Проректор по языкам и воспитательной работе КазНУ им. аль-Фараби, профессор

# ЯЗЫК КАК АТТРИБУТ

## ГОСУДАРСТВЕННОЙ НЕЗАВИСИМОСТИ

превращения казахского языка в государственный инструмент общения. Более того, принятие и реализация различного рода постановлений и распоряжений, например, “Введение делопроизводства и общения на русском языке во всех центральных и губернских учреждениях республики”, “Усиление изучения русского языка во всех средних и высших учебных заведениях республики”, “Перестройка национальных школ” и др., способствовали укреплению статуса русского языка в

практически все дети в сельской местности продолжали обучаться в казахских школах.

Периодическая печать в республике также продолжала издаваться на русском и казахском языках. Республиканское теле- и радиовещание регулярно готовило в эфир передачи на казахском языке, а, например, радиостанция “Шалкар” вела свое вещание полностью на казахском языке.

Следует отметить и тот факт, что среди тюркоязычных стран именно в Казахстане первыми были изданы 10-томный толковый словарь казахского языка, казахский фразеологический словарь, казахско-русский и русско-казахский словари. Это, в свою очередь, подтверждает, что в Казахстане существовал научный подход в исследовании казахского языка. В эти же годы в литературе и искусстве были созданы бесценные шедевры на казахском языке. Высшие учебные заведения республики наряду с обучением на русском языке вели подготовку специалистов на казахском языке.

Несмотря на то, что в бывшем Союзе русский язык являлся государственным языком, в республике всегда существовала прослойка, которую представляли люди, болеющие душой за свой язык и свою страну. Благодаря этому и другим изученным и неизученным факторам, казахский язык не потерял своей ценности, а по мере возможности продолжал развиваться.

И все же началом активизации движения по развитию языковой среды можно считать конец 80-х – начало 90-х годов. В 1989 году был принят Закон КазССР “О языках”. В 1990 году разработана Государственная программа развития казахского языка и других национальных языков народов Казахстана на период до 2000 года. С принятием в 1993-1995 г.г. Конституции Казахстана казахский язык приобрел статус государственного языка. В целях дальнейшего

государства, направленную на развитие языков, многие видные ученые-языковеды, писатели и журналисты обращают особое внимание общественности на необходимость расширения сферы применения государственного языка.

Судьба государственного языка, его значимость и определение его роли в третьем тысячелетии, бесспорно, во многом зависит от среднего, среднеспециального и высшего образования. Успех языковой политики закладывается именно в этой сфере.

В рамках реализации Закона “О языках”, Государственной программы функционирования и развития языков на 2001-2010 г.г. в Казахском национальном университете имени аль-Фараби была разработана Программа функционирования и развития языков, утвержденная Ученым советом университета. Целью Программы являются расширение и укрепление социально-коммуникативной функции государственного языка, повышение уровня и качества подготовки специалистов на государственном языке, создание благоприятных условий для развития государственного языка.

Для осуществления и реализации этой Программы перед подразделениями университета поставлены задачи, решение которых должно обеспечить:

- функционирование государственного языка как языка управления в пределах университета;
- развитие нормативно-правовой базы государственного языка;
- применение государственного языка как основного языка ведения делопроизводства;
- развитие научного творчества на государственном языке;
- совершенствование учебно-методических основ усвоения языков;
- нормирование отраслевой терминологии государственного языка;
- подготовку соответствующей стандартам учебно-методической и научной литературы на государственном языке.

Учитывая, что Глава государства и Правительство придают особое значение и важность предстоящей работе, проректору по воспитательной работе особо поручено ведение вопросов языка. В университете создан отдел развития языков, которым уже проделана определенная работа по поддержанию и развитию государственного языка:

- на каждом факультете назначены ответственные лица по вопросам языка;
- утвержден план мероприятий, проводимых в рамках реализации этой Программы;
- осуществлен сбор информации о ходе внедрения делопроизводства на государственном языке в подразделениях и на факультетах университета, проведена проверка ведения делопроизводства на государственном языке, по результатам которой было принято постановление по расширению сферы применения государственного языка и его дальнейшему внедрению в делопроизводство в университете.

В настоящее время все приказы и распоряжения, издаваемые в университете,

постоянно проверяются на предмет грамотного оформления и исполнения. На стадии реализации находится перевод на государственный язык корпоративной коммуникационной ИНТРАНЕТ-сети университета, в том числе системных программ “Ректорат”, “Деканат”, “Студент”, “Абитуриент” и т.д.

Руководителями отделов и деканами факультетов разработаны рабочие планы, позволяющие обеспечить постепенный переход к делопроизводству на казахском языке. Делопроизводство на факультетах разнообразно. И если его варианты на русском языке прошли проверку временем, давно сформулированы и соответствуют стандартам, то в связи с ограниченными возможностями применения тексты и термины официальных документов на казахском языке пока еще находятся на стадии формирования. Поэтому, опираясь на опыт цивилизованных стран и соблюдая закономерности развития языка, необходимо использовать все возможности новейшего внедрения государственного языка в делопроизводство. В связи с этим в учебных планах на 2002-2003 г.г. предусмотрено введение спецкурса “Делопроизводство на государственном языке” за счет внутренних возможностей университета.

Отдел развития языков, являясь структурным подразделением университета, не оставляет без внимания развитие учебного процесса, проблемы предоставления студентам качественного образования, совершенствования научно-методической работы, обмена опытом с другими учебными заведениями страны. Кроме того, исходя из требований, предъявляемых университетом к знанию государственного языка, отдел занимается проверкой качества преподавания и уровня знаний студентов, определяя дальнейшие пути совершенствования. Вместе с тем отдел развития языков занимается пропагандой деятельности в рамках реализации университетской программы и осуществляет мероприятия, связанные с поддержкой и стимулированием сотрудников и преподавателей, владеющих двумя языками.

Государственный язык как один из атрибутов независимости находит полное отражение во всех университетских мероприятиях, проводимых на государственном языке. Разработан и систематически реализуется план научно-исследовательских работ, которые должны вестись на государственном языке.

В третьем тысячелетии образование станет

ключом к открытию и познанию мира. Оно должно быть подчинено одному общему образовательному стандарту. 50% учебного плана должно соответствовать мировым стандартам образования, а остальная часть должна составляться исходя из истории и культуры каждой страны. Только в этом случае мировой стандарт образования будет способствовать возникновению общих взглядов и сохранению самосознания каждого народа.

Менталитет казахского народа имеет свои законы развития. Нация, которая думает о своем будущем и постоянно воспитывает свое поколение, займет достойное место в нише социального прогресса. Чувствовать, понимать, глубоко воспринимать и применять к себе духовное наследие предыдущих поколений становится жизненной потребностью и гражданской позицией каждой личности общества.

Национальный язык – кладовая и сокровищница духовного богатства народа, которые передаются из поколения в поколение. Каждое поколение развивается, когда оно осознает завещание предков. Процветание нации заключается в духовной преемственности – такова диалектика жизни.

К сожалению, пока еще существует достаточно много трудностей, препятствующих реализации Закона “О языках”. Например, казахский язык до сих пор не используется во внешних отношениях, в естественных и технических науках, в промышленности, вооруженных силах, медицине, фармацевтике и многих других сферах жизни. Богатство лексико-фразеологического фонда языка, наличие внутренних социальных факторов и огромного количества пользователей языка, расширение социально-служебной среды открывает перед государственным языком большие возможности и перспективы. Различного рода мероприятия, направленные на расширение сферы применения языка, без сомнения, в конце концов дадут свои плоды. Главным же гарантом придания государственного статуса казахскому языку, и его практического применения является грамотная государственная языковая политика.

Развитие государственного языка является неотъемлемой частью государственной политики. С приобретением суверенитета и независимости в Казахстане открылись широкие возможности не только для развития казахского языка, но и для возрождения других языков многонационального Казахстана. Согласно статьям 7 и 9 Конституции в Казахстане созданы все условия для развития и применения языков всех народов, проживающих в нашей стране. И здесь нельзя не сказать о том неограниченном вкладе в развитие казахской культуры, который внес русский язык, до недавнего времени имевший в нашей стране статус государственного языка. Он приобщил казахский народ к ценностям мировой культуры и стал составной частью его духовного наследия.

Приобретение казахским языком государственного статуса – главное достижение независимости суверенного Казахстана, порожденное временем, духовным обновлением общества, продиктованное жизненной необходимостью и торжеством социальной справедливости.



республике. Увеличение количества часов, отводимых на преподавание русского языка, изменение порядка оплаты труда преподавателей русского языка и другие мероприятия привели к тому, что на всей территории Советского Союза предпочтение отдавалось одному русскому языку. В сознание общества систематически внедрялись такие понятия, как “Национальный язык – признак отсталого нигилизма!”, “К светлему будущему – с одним языком!” и тому подобные рассуждения. Как и многие другие языки многонационального населения СССР, казахский язык перестал быть полноправным языком на территории республики, которая считается исторической родиной казахского народа. Возникла опасность постепенного исчезновения не только самого языка, но вместе с ним национальной культуры и духовности казахского народа.

Однако было бы неверным утверждение, что в этот промежуток времени язык не развивался и перестал быть средством общения. Казахи представляли большую часть сельского населения Казахстана. Поэтому в этих местах казахский язык по-прежнему оставался основным средством общения, реализовывая духовные потребности народа. И хотя в годы советской власти предпочтение отдавалось русскому языку, тем не менее небольшой процент городских детей и

К сожалению, пока еще существует достаточно много трудностей, препятствующих реализации Закона “О языках”. Например, казахский язык до сих пор не используется во внешних отношениях, в естественных и технических науках, в промышленности, вооруженных силах, медицине, фармацевтике и многих других сферах жизни.

развития Закона “О языках” в 1989 году было создано общество “Қазақ тілі”, а позже, в 1993 году, при Правительстве Республики Казахстан образован Комитет по языкам. В 2001 году была разработана Государственная программа функционирования и развития языков на 2001-2010 г.г.

В настоящее время время лозунг “Родной язык – опора духовности, гражданственности и государственной независимости” приобретает все большую популярность в обществе. Поддерживая политику



Шығысты мойындау

# Аязата мен Наурыз

Жаңа жыл жайында сөз бола қалса, бәріміздің де көз алдымызға аппақ қар, жасыл шырша, Ақшақарды жетелеген Аязата оралатын. Кішкентай кезімізде, тіпті, мектеп қабырғасында жүрген уақытымызда жаңа жылдың жаршысы болған сол бір ақсақалдың қолынан талай сыйлық алып, тәтті жегенбіз. Ол өзіміздің әке-шешеміз берген ақшаға алынған дүние екенін де ұмытып, біз оны сағына тосатынбыз, әлдебір жұмбақ нәрсе дәмдететінбіз.

Балалық киялмен асқар таулардың арғы жағындағы ұлпа қардан жасалған сиқырлы үйге сан барып қайтатынбыз. Үлкендерді білмеймін, дәл сол уақытта біз үшін осы мейрамнан өткен қызықты сиптеме жоқ еді. Түрлі халықтың әр түрлі ұлттық киімдерін ұқсасын-ұқсамасын киіп алып, жасыл шыршаны айнала өндеткен алаңсыз балдырғанның бақыттың сөзбен жеткізу ақымақтық болар.

Өткен, мен үшін осы бақыт өз құнын тым ерте жоғалтып алды. Біз аңсай күткен Аязата мен Ақшақардың құпиясы ашылып, жаңа жыл деген қыстың алғашқы айының аяқталуы ғана болып қала берді. Күнпарақтың бір бетінің жұлынып қалуымен ғана өлшенетін. аты болмаса заңында еш өзгешелігі жоқ осы күнді неге олай атағанына миям жетпей таң қалғам. Біз ғана емес, Аязата мен Ақшақар да бетін жасырған пенде екенін білгенде, ешден естігенім болмаса өз көңілім сене алмай жүрген осы шындық тәтті ойларымыздың тас-талқанын шығарған. Сөби сезіммен алғаш адам атаулыны жек көргем. Алғаш рет маған шыршаны айнала шулаған көпшілік нағыз өз бейнесін енді тапқандай, өздерінің кім екенін әр жылдың бір мезгілінде әшкерлеп тұратындай болып көрінді. Тандап киген киімдері арқылы кімнің кім екенін тануға болатындай пікірде қалғам. Сол пікірді арқалаған ку көңіл шексіз сағыныш жетегінде балалық ауылынан мәңгіге алыстай берген... Жүрек түпкірінде дұрыстап алмай алмаған үлкендерге деген балалық өкпе, бұғылар жегілген арба үстінде сансыз сыйлығын қолтықтаған Аязата мен Қаршақыздың сүйкімді елесі ғана қалды.

Қанағат ӘБІЛҚАЙЫРҰЛЫ

Биылғы жылқы жылындағы сәуірдің алғашқы сенбісі, яғни 6-сында механика-математика факультеті үшін дүбірлі той күніне айналды. Төл мейрамымыз Наурыз бен дәстүрлі түрде аталып өтетін факультет күнін мерекелеу осы күнге дәп келген еді. Қос мерекеге арнайы шақырылған құрметті қонақтар ыстық ықыласқа бөленді.



## Төрт амал төріндегі той

Салтанатты бөлімді жүргізген деканның тәрбие жөніндегі орынбасары Төлеухан Иманкул ең алғашқы факультет декандарының бірі Маруан Надырханұлы Сагитов ақсақалдан дүйім жұрт атынан бата тілеп, ақ бата берілген соң факультет деканы Шалтай Сумағұлов ұжымдағы игі істерді атап өтіп, университет ректоры Т.Ә.Қожамқұловқа сөз кезегін ұсынды. Құттықтаулар мен марапаттаулар рәсімдерінің ішінде әдемі әсер қалдырған жай — осы қос мерекеге бағышталған механика-математика факультеті деканының кубогының химиктерге тапсырылуы.

Салтанатты бөлімнен соң көрсетілген мерекелік концерт жұртшылық көңілінен шықты. Әсіресе, факультеттің «Мурагер» ұлт аспаптар ансамблінің күмбірлеген күйлері, әуеленген әндері талай-талай құлақтың қурышын қандырды. Сонымен қатар 1 курс студенті Бессолицина Олесяның күй сандыққа қосылып орындаған «Сырласу» әні, 2 курс студенттерінің триосы (Рустомова Света, Кулагина Оксана, Сергеева Маша)

орындаған «Алғашқы сезім» әндерінің қазақша күйкылжыуы өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне бет бұрысының қандай екендігінің куәсіндей болды. Көргенде көз тойтын, мың бұралған билерді орындауда 1 курс студенті Рахимова Диана көзге түсті.

Құлақтан кіріп бойды алған әсем әндер мен тәтті күйлерге толы концерт аяқталысымен факультет алдында ағаш егіліп, студенттерге наурыз көже таратылды да кеш соны оқытушылар мен қызметкерлердің, құрметті қонақтардың дастархан басындағы әңгіме-дүкеніне жалғасты.

Жалпы оқу ғимаратының ұлттық дәстүрде безендірілуі, қабырға газеттерінің өрнектелуі дүйім елді риза қылды. «Наурыз нақыштары» деп аталатын ұзыннан-ұзақ қабырға газетінен той куәгерлері өздеріне арналған әзіл-шұны аралас шумақтарды оқып, газет авторы Нұрахметов Серіктің тілінің шұрайлылығына таңдай қағысып жатты.

Қысқасы, мехматағы той әдемі өрнегі, сән-салтанатымен есте қалды.

Нұрсәдік АҚАНБАЙ

## Арасанның бөктеріндегі құда күту

Екі жылдан бері филология факультетінің ұжымы наурыз мерекесін Алма-арасанның бөктеріндегі демалыс орнында, қазақ халқының кең пейілді мінезімен дархан даланың, табиғаттың аясында қарсы алғанды дәстүрге айналдырып келеді. Факультет деканы Э.Д.Сүлейменова бастаған ұжым биылғы наурыз мерекесін сәуірдің 19-ы күні де осы жерде қарсы алды.

Өткен жылы қазақ тілі кафедрасы орыс тілі кафедрасынан келін түсіріп той жасаса, сол құдалық биыл өз жалғасын тапты. Қыз берген орыс тілі кафедрасы өз жаңа құдаларын кері құдалыққа шақырды. Барлық кафедра мүшелері мен студенттер, магистранттар қатысқан бұл мерекелік шарада қазақ халқының ескі дәстүрімен ақсақалдарға бас тартылып, бата алынды. Дастархан басында той бастар айтылып, үздік той бастағандарға сый тартылды. Ұлттық нақышта киінген ұжым мүшелерінің киім үлгілері той сәнін кіргізе түсті. Қазақтың ескі әндері орындалып, үлкендер тарапынан факультет ұжымының алдағы жылғы жұмыстарына тілектер тіленді.

Жылдағы дәстүр бойынша келесі жылғы Наурыз мерекесін ұйымдастыру эстафетасын қазақ филологиясы кафедрасы қабылдап алды.

Ербол ӘБДІРӘСІЛОВ

## НАУРЫЗ: ПЕСНИ, ТАНЦЫ, МОЛОДОСТЬ

Вот и наступил долгожданный праздник весны — Наурыз. И погода, подтверждающая долгожданный приход весны, не подкачала. На улице солнечно и тепло. Весело щебечут птицы, в их щебет вплетается веселый говор и смех студентов. Настроение по-настоящему весеннее — светлое и веселое.



10 апреля 2002 г. на физическом факультете КазНУ им. аль-Фараби студенты праздновали весенний праздник Наурыз. Зал украшен шарами, веселыми стенгазетами. В зале звучит музыка. Зал постепенно заполняется участниками праздника, среди них и декан факультета профессор А.С. Аскарлова, заведующие кафедрами, преподаватели.

Празднование началось с концерта художественной самодеятельности студентов. Все выступали в казахских национальных костюмах. Ведущие — студенты второго курса Айгерим Исакова и Анатолий Попов на казахском и русском языках поприветствовали зрителей, рассказали об истории этого праздника. Затем со своими стихами, посвященными этому дню, выступила участница айтысов, студентка первого курса Альбина Чункибаева. Мощные аккорды кюя «Адай» в исполнении студента первого курса Кайыржана Аринова взорвали зал аплодисментами. Песня «Асыл ана» в исполнении студентки второго курса Азии Исмагамбетовой создала теплую атмосферу в зале...

Праздничный концерт закончился выступлением вокально-инструментального ансамбля студентов первого курса физического факультета. Ядром группы являются студенты Алексей Калачев и Михаил Чернышев.

Праздник завершился веселой и шумной дискотеккой. Студент третьего курса Ернар Нурбек обеспечил артистов и дискотеку необходимой музыкальной и усилительной аппаратурой, умело управляясь с нею. Порядок во время праздника обеспечивали сами студенты — члены отряда охраны правопорядка, в который входят студенты разных курсов факультета. Командир отряда — Кажимукан Анешев.

Этот праздник показал, что наши студенты умеют не только хорошо учиться, но и устроить праздник и себе, и всему факультету.

Ш.Б. БАЙГАНАТОВА

## Жыр мен нұр сыйлаған сәт

Наурыз айының 21-де журналистика факультетінде адам баласын ынтымақ пен бірлікке жұмылдырған, далаға жыр мен нұр сыйлайтын Наурыз мейрамы болып өтті.

Салтанатты той доцент Сағатбек Медеубекұлының арнау өлеңімен ашылды. Алғашқы құттықтау сөзді факультет деканы Бауыржан Әміржанұлы алып, өз лебізін жеткізе отырып, үздік оқытын студенттер мен факультет қызметкерлеріне мақтау қағазы мен арнайы сыйлықтар ұсынды.

Болашақ журналистердің мейрамында өз

өнерлерін О.Садықбеков, М.Жиеналиевтер алғаш рет ортаға салса, әсем дауыстарымен көрермендерін тамсанып жүрген эстрада жұлдыздары М.Түсіпбаева, С. Медеуов, А.Аманжолова, М.Сарбасов, А.Иманбаева, жас әнші, әуесқой композитор Р.Әлқожаева, «Ғұмырдария» тобының жетекшісі Н.Құрамысова, «Шанар» арнасының тұңғыш дикторы А.Иманкулова және т.б. өнерпаздар көрермендерге деген сезімін ән арқылы жеткізді.

Ақ түйенің қарны жарылған ұлы күннің, соңы «Қыз сыны» байқауымен жалғасып, 3 турдан куралған байқаудың жеңімпазы 1 курс студенті Ізбасова Гүлназ атанып, факультет тарапынан арнайы жүлдемен марапатталды. Нағима ОРАЗЫМБЕТҚЫЗЫ

## Берекелі Берсімбаев ауылы

Наурыз айының 21-ші жұлдызында биология факультетінде жыл басын қарсы алу рәсімі факультеттің «Қазақ тілі» қоғамы, кәсіподағы және цитология-гистология кафедраларының ұйымдастыруымен болып өтті.

Тойға ректорат тарапынан қонақ ретінде проректор Н.Омашұлы мен Тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Л.Дүйсембекова қатысты.

Мереке басында факультет деканы, ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, б.ғ.д., профессор Р.І.Берсімбаев және ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, микробиология кафедрасының профессоры, б.ғ.д. М.Х.Шығайева сөз сөйледі. Содан кейін факультеттегі тоғыз кафедра ауылдарға бөлініп, өз өнерлерін бағдарламада көрсетілген шарттар бойынша жарыса ортаға салды. Тойға ерекше дайындықпен келген ауыл өнерпаздары қойылған талаптарды тартымды да шебер орындап, халық ризашылығына бөленді. Сонымен қатар әр ауылдың тіккен үйлері мен олардың қазақтың салт-дәстүрлері бойынша безендірілуі ерекше назар аударды. Тойға келгендердің барлығы да ұлттық киім киіп, мейрамның сәнін арттыра түсті.

Той соңында әділқазылар алқасы ауыл өнерпаздарының өнерін әділ саралап, үш бағыт бойынша орындар тағайындады. Олар:

1. Қазақтың салт-дәстүрлері;
2. Дастархан мәзірлігі;
3. Ұлттық киім әсемдігі.

Озып шыққан Сүйінбай ауылына (адам физиологиясы және биофизика кафедрасы), Жамбыл ауылына (ботаника кафедрасы), Мұхтар ауылына (есімдіктер физиологиясы және биохимия кафедрасы) сыйлықтар тапсырылды.

Әлия ДҮЙСЕҚОЖА



## Тарих бір жылға ұзарды

Тарих факультетінде 20-шы наурыз күні Жыл басын қарсы алу мерекесі өтті. ҚазҰУ-дың «Парасат» кәсіподағының мерекеге бөлген қаржылық демеушілігімен атап өтілген шара молшылықтың нышанына толы болды.

Факультеттің жасы мен үлкенін теңестіре түскен Наурыз тойы факультет деканы, т.ғ.д., профессор Қ.Т. Жұмағұловтың ұжымға деген ыстық ықыласымен ашылып, игілікті бастама тамаша жалғасын тапты.

Әсіресе, факультет ақсақалдарының жастарды өнегеге, ұлттық ұлағатқа шақырған арнау - тілектері және студенттер әзірлеген тартымды концерттік бағдарлама көпшілік көңілінен шықты.

Археология және этнография кафедрасы оқытушылары ұйымдастырған баланы атқа отырғызу рәсімінің де берген әсері мол болды. Л.Т. ИСОВА

## Шығыстың шырайы кірген күн

Мұсылман жамағаты үшін Наурыз мейрамының маңызы зор. Өйткені көктемнің келуінен Жер-Ана ерекше құлпырып, жайнай түседі. Табиғатқа тылсым күш бітіп, жаңғыру кезеңі басталады. Наурыз айы - күн мен түннің теңесер айы. Мұсылман жыл санауы бойынша жаңа жылдың басы. Наурыз мерекесін тойлау университетімізде дәстүрге айналған.

21-ші наурыз күні шығыстану факультеті ұжымы Наурыз мейрамын атап өтті. Әр кафедраның Наурыз мейрамына арнап дайындалған дастархан мәзірі көздің жауын аларлық. Наурыз көже, қымыз, шұбат дейсіз бе, барлығы табылады. Әйтеуір ақ мол болды.

Факультет деканы Н.Алдабек ханым кафедраларды аралап ақ тілегін білдірсе, факультет ұстаздары Ө.Күмісбаев, Ә.Шөпекөв, К.Қожахметұлы, М.Мәженова, Г.Ким, Ф.Әли, Г.Рамазановалар өздерінің наурызға арналған ақ баталарын тілеп жатты.

Шығыстану факультетінде елшілік өкілдерін мейрамдарға шақыру дәстүрге айналған. Наурыз мейрамында да әр елшіліктен келген қонақтар бұл мерекенің Қазақстанда ерекше аталып өтілетіндігін тілге тиек етті. Жаңа жылда шығыстану факультетінің жана кәсіпкерлерден көріне беруіне ақ жол тілеп, өз елдерінде көктем мейрамын қалай атап өтетіндерін әңгімелеп берді. Сонында факультет ұжымы халық әндерін нақышына келтіре шырқап, көтеріңкі көңіл-күймен тарасты. Жәніс ӘБІЛДАЕВ

## Арғымақ жылға құрмет

Наурыз айының 20-сы күні химия факультетінде «Қош келдің, арғымақ жыл!» атты мерекелік наурыз-думан өтті.

Мереке факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, доцент Е.А.Әубәкіровтің бастамасымен ұйымдастырылды. Орыс тобында оқытын студенттер «Жыл басы — Наурыз» деген тақырыпта әдеби-музыкалық қойылым жасап, қазақтың салт-дәстүрлерінен қысқаша көріністер қойды. Сол кеште ерекше белсенділіктерімен көрінген 1 курс студенттері Р.Сыдықова, А.Әбдіқұлова, М.Землянина, А.Тен, т.б. атап өткен жөн.

Кештің соңында оқытушылар мен студенттерге наурыз көжесі мен бауырсақ беріліп, дәм үлестірілді.

Құралай ӘБДІМАНАП

## Қыздар сыңға түсті

География факультетінде ұлыстың ұлы күні мейрамына арналған мерекелік кеш 20-наурыз күні өткізілді.

Той шеңберінде өткізілген «Қыз сыны» байқауына Мамырбекова Арай, Бермашева Гүлназ, Бейсембаева Мереке және Диханбаева Нургүл секілді арулар қатысып, бағдарлама бойынша олар 5 түрлі өнер түрі аясында сыңға түсті: 1) Сәлемдесу: мұнда қыздар көрермендермен сәлемдесіп, өздерін таныстырды 2) Өз өнерін көрсету жарысы: қыздарымыз күй тартып, ән шырқап, мың бұралып биледі; 3) Ұлттық тағамды дайындау: бұл жарыс та қыздарымыз бар өнерін салып, бесбармақ, талқан, айран, бауырсақ, бас сияқты тағамдарды қазылар алқасы мен көрермендерге ұсынды; 4) Мақал-мәтел жарысы: қыздарымыз берілген тақырыптар бойынша сөз шеберліктерін, ата-бабадан қалған шешендік өнерлерін көрсетті; 5) «Берілген оқиғада өзіңізді қалай ұстайсыз?» деген тақырып бойынша әр түрлі сауалдар беріліп, қыздардың тапқырлығы анықталды.

Жарыстар арасында өзге студенттер де өнерлерін көрсетіп, көрермендермен ойын ойналды. Мереке соңында қонақтар дастархан мәзіріне қойылған наурыз көжеден дәм татты.

Бахыт АҚТЫМБАЕВА



**Жетістік**

Университетте қазір 250 ғылым докторы мен профессорлар, 800-ге жуық ғылым кандидаты мен доценттер республикамыздың ғылыми және техникалық 15 басыңқы бағыттары бойынша жұмыс істейді. Университет құрамында 14 факультет, 7 ғылыми зерттеу институты, 9 ғылыми зерттеу орталығы, ғылыми технологиялық парк, компьютерлік орталық, ғылыми библиотека, Интернет залдар, “Қазақ университеті” баспасы, ғылыми-тәжірибелік цех, оқу-тәжірибелік биология станциясы бар. Осы айтылған құрылымдар ғылыми зерттеулер мен тәжірибелер жүргізу, ақпаратты алу,

ААК “Маңғыстаумұнайгаз”, ЖАК “Торғай Петролеум” және т.б. мұнай өндіретін кәсіпорындар өндірісіне енгізуде. Біздің ғылыми қуатымызды көрсететін мысалдарды осылай тарата беруге болады.

Университеттің шетелдік, отандық ғылыми орталықтармен, жоғары оқу орындарымен ғылым саласындағы байланыстары мынандай бағыттарда өрбиді: шетелдік және отандық ғылыми орталықтармен бірлесіп ғылыми жобаларды дайындап, шетелдік қорлардың байқауларына қатысып, қаржы көзін табу; шетелдік университеттер мен отандық ғылыми орталықтармен шарттарға отыру арқылы ғылыми жұмыстар жүргізу; халықаралық конференцияларға, симпозиумдарға, семинарларға қатысу

*Жоғарғы оқу орындарында тәлім алып жүрген студенттердің білім деңгейі ондағы оқытушы-ғалымдардың ғылымда ашқан жаңалықтарымен, сіңірген еңбектерімен бааланады. Ұстаз еңбегі де шәкірттерін жаратылыстың қыр-сырын меңгеруге қаншалықты жетелей білгендігімен өлшенеді. Бүгінде тарихын тереңнен бастайтын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғылым-білім ошағына айналып отыр. Оған дәлел - Азия даму банксіның жасаған сараптамасы*

*бойынша еліміздің барлық жоғарғы оқу орындарында жүргізілетін ғылыми жұмыстарының 50 пайыздан астамы ҚазҰУ-дың еншісіне тиеді екен. Осыған байланысты университеттегі ғылыми жұмыстар барысы жөнінде ҚазҰУ-дың Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректорының орынбасары, техника ғылымының докторы, профессор Жапбасбаев Ұзақ Қайырбекұлы әңгімелейді.*



**САПАЛЫ БІЛІМ  
терең ғылымнан  
шығады**

Қайдалану, есептеу, ғылыми жеткерді шығару үшін арналған. Университетте ежелден қалыптасқан жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар салалары бойынша (математика, механика, физика, химия, биология, география, философия, экономика, тарих, филология, әдебиеттану, заң ғылымдары және т.б.) ғылыми мектептер бар.

Мысалы, бізде математика саласы бойынша ҚР ҰҒА-ның академигі, ф.-м.ғ.д., профессор А.Т.Лукацкий және басқа ғалымдар бастаған қолданбалы математика, есептеу математикасы, дифференциалды теңдеу және математикалық физика теңдеулері бағыттарында қалыптасқан ғылыми мектеп, ҚР ҰҒА-ның академигі, ф.ғ.д., профессор З.Қ.Қабдолов және басқа ғалымдар басқарған әдебиеттану саласы бойынша ғылыми мектеп және ҚР ҰҒА-ның академигі, э.ғ.д., профессор Ж.Ә.Әубәкіров және басқа ғалымдар бастаған экономика саласындағы ғылыми мектептер жұмыс істейді. Сонымен қатар, механика, химия, биология, философия, тарих және заң ғылымдары саласы бойынша да елімізге танымал ғылыми мектептерді айтуға болады.

2001 жылы диссертациялық кеңестерде 175 ғылыми жұмыс қорғалды. Оның 19-ы докторлық, ал 156-сы кандидаттық диссертация. Диссертация қорғаған азаматтардың 62-сі ҚазҰУ-дың қызметкерлері. Біздің диссертациялық кеңестер ғылыми жұмыстарды сараптауда республиканың негізгі орталығына айналды.

Ғылыми жаңалықтарды өндіріске енгізу бағытында университет ғалымдары бірқатар жұмыстар атқарып жатыр. Мысалы, ҚР ҰҒА-ның мүшесі, корреспонденті, х.ғ.д., профессор Қ.А.Жубанов бастаған ғалымдар өздері жасаған жаңа технология бойынша Қарағанды облысы Приозерск қалашығында жылына 100 мың тонна көмірден синтетикалық мұнай шығаратын зауыт салып жатыр. Онда қалған көмір қалдықтарын өңдеп, көмір брикеттер жасамақшы, сондай-ақ, осы ғалымдар тобы шағын мұнай өңдейтін зауыттар салмақшы. Шымкент қаласындағы химфарм зауыты университет ғалымдары жасаған “Рихлоканн”, “Рамон”, “Алхидин” сияқты бірнеше дәрілер шығармақшы. Ал, ф.-м.ғ.д., профессор Ш.С.Смағұлов бастаған ғалымдар мұнай өндірудің информациялық жүйесін жасап, оны

және т.б. Мысалы, ҚР ҰҒА-ның мүшесі, корреспонденті, тех.ғ.д., профессор Ш.Ә.Ершин бастаған ғалымдар тобы, Ресейдің “Орталық әуе-ғарыш қозғағышы институты” және Францияның “Аэроспаснал” әуе-ғарыш ғылыми орталығы Алматы энергетика және байланыс институтымен бірлесіп отырып Халықаралық ғылыми-техникалық орталық бөлген қаржы арқылы үлкен ғылыми бағдарламаны іске асырды. Сондай-ақ, ф.ғ.д., профессор Н.О. Омашев бастаған ғалымдар тобы Америка Құрама Штаттарының Оклахома университетімен бірлесіп журналистика саласында ғылыми жұмыс, тәжірибе және ғылыми пікір алмасу бағдарламасын іске асырды. Магистранттар арасында химия факультетінен Манғазбаева Рауаш 2001 жылы Ресей Ғылым Академиясының жас ғалымдар мен студенттерге арналған байқауына қатысып, алтын медальді жеңіп алды.

Университет ғалымдары 2000 жылы Білім және ғылым министрлігі өткізген іргелі ғылыми зерттеулер байқауында 61 ғылыми жобаны жеңіп алса, Экономика және сауда министрлігі өткізген “Машина жасауды дамытудың ғылыми-техникалық проблемалары” атты бағдарлама байқауында 5 ғылыми жоба қаржы көзін тапты. Ал Энергетика және минеральды ресурстар министрлігі өткізген “Ақпаратты қорғау” бағдарламасы бойынша 2 ғылыми жоба қаржы көзіне ие болды. Қазіргі кезде ғылыми жобаларды қаржыландыру республикалық бюджет тарапынан тек қана байқау арқылы өткізілуде.

Ғылыми жұмыстардың тағы бір қаржы көзі, ол - жеке кәсіпорындар, мекемелер өткізетін ғылыми-техникалық жобалар бойынша байқаулар. 2001 жылы университет ғалымдары осындай қаржы көзі бойынша 53 миллион 843598 теңге көлемінде ғылыми жұмыстарды іске асырды.

Үшінші бір қаржы көзі - ол халықаралық қорлар беретін гранттар. Қазіргі кезде әлемде мыңнан аса халықаралық қорлар бар. Бұл қорлардың негізгі мақсаты - білімді, ғылымды, ғылыми жұмысты, жаңа технологияны, білім мен ғылымдағы жаңалықты, жаңа әдісті қолдау болып табылады. Әрине, бұл қорлар жобаларды байқау арқылы қаржыландырады

Әзірлеген Ғалия АҚСЕЙІТ,  
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

**Рецензия**

Жер жүзінде ғасыр зұлматы жүріп жатса нағыз жаны жайсаңдар енжар қарап отыра алмайтынын бүгінгі күн дәлелдеп беріп отыр. Олардың ішінде, бәрінен бұрын ақиық ақындардың жан-жүрегімен қан жылап, элегия, реквием, эпитафиялар жазып жатқанының күюгеріміз.

Қазіргі көз алдымыздағы радиациялық ойранның бет-пердесін сыпыруды өзінің творчестволық нысанына алушылардың алғашқыларының бірі - ақын Бауыржан Жақып болды.



**АБЫРАЛЫ  
апатына арналған алғашқы дастан**

немесе Бауыржан Жақыптың экологиялық элегиясы хақында



Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА,  
ҚазҰУ аспирантурасының түлегі, ізденуші ғалым

Оның дәлелі - кезіндегі Қазақстан ЛКСМ Алматы қалалық комитеті ректорлар советінің «Өркен» газетіне жарық көрген «Дегелең тауының зары», «1949. Тамыздың жиырма тоғыз», «Қураған тоғайдың соңғы сөзі», «Боздаланың қасіреті», «Тартылған өзеннің мұны», «Желдің жоқтауы» деген тараулардан тұратын «Жан дауысы» поэмасы. Мұны өткір публицистикалық мақамда жазылған реквием-дастан деп бағалауға болады. Абай, Қасым Аманжолов, Төлеужан Ысмайыловтардың өлең жолдарын эпиграф етіп орынды таңдағаннан кейін тақырыбы қойылмаған, бірақ «Кіріспе» мағынасын беретін төрт жолдардан тұратын он төрт шумақты ақынның аңсау-ностальгиясы деп қабылдаған абзал.

Поэма иесі мұнда басынан бағы тайған Шыңғыстау, Абралының «Құлпырған құлан жазық, құмай белін», «қазақтың даласының қаймағы» - осы жердегі «ай нуры, күн көзіне шағылысып, айнадай жарқыраған» көлін іздегіреді. Ақша бұлтқа жыр жазған тауы, мың бұралған талы, сол жердің тосін еміп өскен киіктер, сай-саланы шулатқан аңдар, күс тілінде мұн, арманын есітірген аққулар, әуеде қалықтаған қырандар да көзден ғайып болған. Ақын бұдан былай қарай «Абайға жыр сыйлаған табиғаттың мұндай ғарып, мұшкіл халіне» егіледі. Ол картиналар - «бойынан қан тоқтаған тамырлардай көздері жабылған» бұлақтар, «ескердің төртбімен шаштары тықырланып алынғандай» дөңдер, «көркіне көрген сайын жан сұқтанған», қазір лайланып шалшыққа айналған көлшіктер, «бір кезде тасып аққан өзендердің» қасық суусыз, қаңсып қалған арнасы, «сайларға сөн бергін, әр беретін», бүгінде тұтасып қурап қалған тоғайлар...

Күллі поэманың лейтмотиві есепті осы шумақтардың ақыр-соңында: «Мен де енді өзін болып толғанып, тозған жер, жүдеу өлкем, сырқат далам» - деп автор әр «дирикалық-трагедиялық кейіпкерлердің» өздеріне жеке-жеке тарау арнап, сөз береді.

Аталмыш поэманың тағдыры қызық. Біз жоғарыда аталған тараулардың 1989 жылы мерзімді баспасөзде жарық көргенін айтқанбыз. Алайда ол тұтас еме еді. Оның жарияланбаған 7 тарауы ақынның «Қолтаңба» жыр жинағына енген. Біз элегия-

дастан санатынан көргіміз келетін атағмыш дүниенің жинақтағы үзінділері басқашалау пішінде жазылғанымен ерекшеленеді. Олар автордың творчестволық шешімімен, қазақ топырағында туған ерен тұлғалардың дарасөз-монологтары түрінде беріледі. Енді оқырман Семей полигонының «мұралыққа қалдырған» сойқанының «ескертікшітерін» сол асыл азаматтардың «виртуальды» көзімен тағы бір елестетіп өтері хақ.

Мысалы, «Жидебайдағы зират. Абай жыр» тарауы. «Өлең болып құйылып, сөзіне жұртты бек қаратқан» ұлы ақынның алдында нендей экологиялық көрініс-панорама күтіп тұр еді? Олар «бұрынғыдан қартайған» Шыңғыстау, «малы азайып, өрі тайған, құлазығын мың қыстау», «азған адам, тозған жер, тартылған су, жанған ну». «Жидебайда жиде жоқ. Мамырланыған аққудай ақ қанатты үй де жоқ». Бұлардан басқа да «Әзірейіл - жарылыстың» «зікірінен» адыра қалған табиғаттан Абайдың жаны құлазып, ақыр-соңында: «... Құты, елім азанған, құлырпай қайта, көк пен жер!» деген батадай тілеген білдірумен тынады...

«Мыржық тауының бөктері. Төттімбет күйінің күмбір» тарауы алдыңғыдан өзгешелеу мақамда шыққан. Күйші «даланың күнге тосқан маңдайы» - өзі туған Мыржық тауының қазіргі күйіне наиды. «Жасылды жалмап жатқан - күртты», «есі жоқ, тек сөзі бар қартты» көреді. Монологтың аяқталар тұсында: «Мен көрдім сол сұмдықты, шерді көрдім. Ел көшіп, жетім қалған жерді көрдім...» - деп жалғыз өзі емес, оқырман алдында да, экологиялық келеңсіз картиналарды жыр жолдарымен өкеп тосып, сайсүйгін сырқыратады.

Поэмадағы «Шыңғыстау. Шөкәрім қажының шындығы», «Танат жайлауы. Әміре өнінің әуені», «Бөрлі. Әуезов Мұхтардың мұңды үні», «Қарауыл төбе. Олжас Сүлейменов оқыған өлең» тарауларына да Семей термоядорлық сынақтар полигонының жерді, елді бұлдіріп, салған ыландарының қалдырған іздерін поэзия тілімен бейнелеп беру басты желі боп тартылған. Алайда, бірден оқырман зердесіне пальнатын факт - автордың осы тұста қолданып отырған творчестволық-поэтикалық әдісі. Мұнда Б.Жақып өз жерінің экологиялық ойранын - мейлі ол Төттімбет болсын, немесе Шөкәрім қажы, күміс көмей Әміре, ғұлама М.Әуезов, ақын О.Сүлейменов болсын - тек сол кейіпкерлерінің өздеріне тән пайымдау тұрғысынан береді. Бұл - творчестволық призма. Өз оқырмандарына Семей өңіріндегі табиғат ірепетін, адам психологиясын бірде -

күйші, екіншіде - ойшыл, үшіншіде - керемет өнші, төртіншіде - ұлы эпик, бесіншіде - публицист-ақын дәрежесінде күй кештіреді...

Жалпы, экология тақырыбына, нақтылы Семей полигоны мәселелеріне поэзия тілімен, оның үстіне тұтастай дастанмен келу фактісін біз осыған дейін кездестірмегенбіз-ді. Тағы да қазақ өлеңі шығармашылығында әдетте «өлі табиғат» деген атауға үйреніп кеткен, жаратылыстың өзінше жанды дүниесінің «мүшелері» - мүжілген тау, қураған тоғай, азан дала, тартылған өзен, өкпек желді кейіпкер етіп алып, солардың аузына қазіргі ащы шындығымыздан туындаған запырған кездерді салады. Бұл - көзге үйреншікті, дәстүрлі дастандардың бірі емес, ерекше дастан-эпитафия. Мұнда сол кейіпкерлердің басынан кешкендері қасіретті өлең жолдарымен оқырманның жан-жүрегін қамшылаумен гана шектелмейді. Мұнда экологиялық поэзияға қойылатын талаптарды автор басылыпқа алған.

Яғни, экологиялық қолайсыз, тіпті зиянды жағдай туғызып, өрістететін қоршаған ортадағы екі факторды - өлі табиғат (абитикалық) және тірі табиғат (биотикалық) - соңғысының алдыңғысына жасаған сорақылығын творчествосына тиек еткен. Оның ішінде де экология ғылымының бір саласы - экотоптық (грекше «тонос» - орын), климаттық (климатоп) және жертопырақтық (эдафотоп) факторларын поэзия тілімен бейнеленген. Онда жел, боз дала образдарымен климатоп проблемаларын қозғаса, тау, өзен, тоғай бейнелерімен эдафотоп мәселелері жырланған. Демек, қазір екінші бірі аузына алуға еріне қоймайтын «экология» тақырыбына ақын «қызыл тіліне» сеніп бармаған. Нақты ғылыми теория негіздеріне сүйенгені бесенеден белгілі. Демек, осы жерде оқырман да ғылыми-танымдық деректермен суарылған өткір публицистік поэмаға ие болып отыр деу керек.

Осы тұста ұлы драматург Бернард Шоудың «Журналистиканы әдебиеттің ең жоғарғы формасы деп жариялауға болар. Себебі, әдебиеттің кез келген жоғары формасына публицистік қасиет тән», - дегені еске оралады. Аталмыш поэманың он бойынан ғылыми-танымдық мөлiметтер де жиі ұшырасады. Қысқасы, «Жан дауысы» - тек ақын Б.Жақыптың ғана шығармашылық сәттілігі емес, сонымен бірге экологиялық поэзияның да ұтысы.

**Жүздесу Заңгер ғалым ұлағаты**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті бұл күндері еліміз үшін сан-салалы мамандар даярлайтын оқу орны болып отыр. Биылғы жылы осы университетті тұңғыш рет заңгер мамандығы бойынша 34 студент бітіріп шықты.

Қорқыт Ата атындағы университеттің көптеген ұстаздары, белгілі ғалымдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бұрынғы түлектері. Жалпы, осы екі университеттің ғылыми-творчестволық байланысы

әлі де жалғасуда. Таяуда Қорқыт Ата университетінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі, заң ғылымының докторы, профессор Арықбай Ағыбаев бірнеше күн болып, осында дайындалып жатқан болашақ заңгерлерге дәріс оқып, оқытушы-профессорлар қауымымен кездесіп, құқықтық реформа, заңдылық пен тәртіпті нығайту, білгір заң мамандарын даярлау жөніндегі күрделі мәселелер туралы ой бөлісті.

Шолпан ЖҰМАҒҰЛОВА,  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің аға оқытушысы

Юбилей и конференции

ИСТИННЫЕ ЦЕННОСТИ

Совета Исатаева

70-летие со дня рождения и 40-летие научно-организаторской деятельности профессора Совета Исатаевича Исатаева в Казахском национальном университете им. аль-Фараби отмечали с особым энтузиазмом. К этой знаменательной дате на физическом факультете КазНУ приурочили проведение Международной научной конференции «Проблемы турбулентности, тепломассопереноса и горения».

Ученые-физики Казахстана, России и Украины представили около 80 докладов по наиболее актуальным и перспективным направлениям науки, в частности по проблемам турбулентности и тепломассопереноса, физики горения, плазмы и нелинейных явлений, неравновесных процессов и структурно-фазовых превращений в конденсированных средах и другим. Актуальность научной тематики состоявшейся конференции вызвала научный интерес не только физиков, но и тех ученых, которые проводят исследования на стыке своей науки и экспериментальной физики. И в том, что сегодня казахстанская физическая наука, несмотря на экономические кризисы, продолжает развиваться и имеет хороший научный потенциал, есть особая заслуга профессора Совета Исатаева.

Имя Исатаева известно ученым-физикам не только Казахстана, но и всего постсоветского пространства. Почти 30 лет, начиная с 1961 года и до

распада СССР, он работал на один из «почтовых ящиков» по заказу Головного института генерального конструктора ракетно-космической техники С.П. Королева. Исатаев и его группа принимали участие в разработке ракетно-топливных систем. Одно из последних исследований касалось оптических свойств внешнего покрытия многоразового космического корабля «Буран». На основе этих исследований Совету Исатаевичу удалось создать современную криогенную лабораторию при физическом факультете, которая впоследствии обеспечивала жидким азотом все факультеты университета и предприятия Алматы и действует в настоящее время.

Сегодня Совет Исатаев считается признанным физиком-экспериментатором в области теплофизики, гидроаэродинамики и ракетной техники. Результаты его экспериментов поразительно точны, им доверяют и их используют в своих

монографиях многие ученые нашей страны и ближнего зарубежья.

Конференция завершилась торжественным заседанием Ученого совета физического факультета университета, на котором чествовали юбиляра. Ректор КазНУ им. аль-Фараби Толеген Кожамкулов, открывая заседание, с особой теплотой говорил о Совете Исатаеве как об одном из старейших педагогов университета. Его биография тесно связана с развитием и становлением первого вуза страны. Кроме того, Совет Исатаев стоял у истоков создания физического факультета университета. Он внес огромный вклад в подготовку национальных кадров для науки.

Начав свой путь в науку студентом физфака, он прошел все ступени профессионального роста — от преподавателя до декана факультета. Как когда-то сам счастливо открывший для себя мир физики, он продолжает открывать его для многих



Талантливых и способных молодых людей из глубинки.

Научной плодovitости Исатаева можно только позавидовать — двадцать три кандидата наук, четверо из которых уже защитили докторские диссертации. Ему посчастливилось быть в числе первых учеников крупного ученого, основоположника казахстанской школы теплофизики Льва Абрамовича Вулдса. Многие из учеников Исатаева впоследствии стали известными учеными и возглавляють сегодня крупные научные и учебные центры страны. Например, академик МАН ВШ, профессор Т.А. Кожамкулов, члены-корреспонденты НАН РК, профессор А.А. Абильдин, Ф.М. Баимбетов, Ш.Ш. Сарсембинов и др. Пожалуй, можно смело говорить уже

о целом поколении казахстанских ученых, прошедших через «золотые руки» Совета Исатаева. И здесь особо выделяется «карагандинское направление», начиная с ректора Акылбаева Ж.С. и трех докторов наук КарГУ им. Е.А. Букетова, которые продолжают реализовывать в жизнь научные идеи Исатаева.

В преддверии юбилея Совету Исатаевичу торжественно вручили «Алгыс хат» от Президента страны, в котором была высоко оценена его многолетняя научная и педагогическая деятельность. Много теплых слов прозвучало в адрес юбиляра на торжественном вечере. Родные, друзья, коллеги желали Совету Исатаевичу здоровья и научного долголетия. Его ученики в знак признательности и благодарности готовы были поднять своего Учителя на пьедестал казахстанской науки, но Исатаев был строг: «Не забывайте, первым физиком-казахом был и остается Жабга Сулейменович Такибаев». Выражая свое почтение и уважение, он преподнес своему наставнику самый почитаемый у казахов подарок — чапан.

Говорят, что присущие Исатаеву честность, принципиальность, обостренное чувство справедливости и прямолинейность характера в свое время помешали ему сделать в науке головокружительную карьеру. Но сожаления по этому поводу нет, ведь все его идеи живут в его учениках. Об этом и сказал юбиляр в своем заключительном слове: «Мое достоинство и смысл моей многолетней работы — это вы, мои соратники, коллеги и ученики».

М. САГЫМБАЕВА, пресс-служба КазНУ им. аль-Фараби

Круглый стол

Мудрость, подтвержденная веками, — здоровье надо беречь смолоду. По мнению многих международных организаций и согласно имеющейся статистике, в настоящее время наблюдается прогрессирующий рост числа заболеваний среди подростков и молодежи, в том числе ее авангардной части — студенчества.



Здоровье на долгие годы

Руководство государства озабочено тем, что у казахов с раннего возраста начинают проблемы со здоровьем. Не случайно нынешний год в стране объявлен Годом здоровья, в рамках которого проходят многочисленные мероприятия, направленные на профилактику и оздоровление населения. Не остался в стороне и наш университет. В его стенах состоялся круглый стол «Молодежь выбирает здоровый образ жизни», инициированный Диабетической Ассоциацией РК, общественным Фондом «Поддержка женщин Казахстана», НИИ рыночной экономики, студенческой поликлиники.

Руководители и работники общественных организаций вузов, представители департаментов здравоохранения и образования, соцзащиты, представители международных организаций, а также сами студенты заинтересованно обсудили главный вопрос: какие кардинальные меры помогут улучшить здоровье населения, в том числе молодежи? Открывая дискуссию, президент Диабетической Ассоциации Наталья Тукалєвская подчеркнула, что одна из главных причин заболеваний — неправильный образ жизни, ведущий к возникновению и сахарного диабета, который еще в 1992 году объявлен неинфекционной эпидемией, охватившей весь мир. Если не обращать внимания общественности, государственных органов на положение больных и те условия, которые вызывают заболевание, страна будет продолжать терять тысячи людей ежегодно.

Главврач городской студенческой поликлиники Светлана Куанышева констатировала, что по городу Алматы общая и первичная заболеваемость молодежи опережает общегородские показатели на 7%, среди заболеваний преобладают туберкулез, анемия, сахарный диабет, болезни органов пищеварения. В настоящее время

студенческая поликлиника обслуживает свыше 58000 студентов из 16 вузов.

Руководством университета и общественными организациями принимаются все необходимые меры и создаются условия, чтобы помочь сохранить студентам и сотрудникам здоровье на долгие годы. В КазНУ имеется собственный здравпункт, в спортклубе действуют десятки различных секций, функционирует спортивно-оздоровительный лагерь на Иссык-Куле. В университете практикуется выдача студентам, больным туберкулезом, продуктовых корзин, студентам-инвалидам в течение года выплачивается материальная помощь в размере одной минимальной стипендии. По инициативе ректора профессора Т.А. Кожамкулова начаты работы по восстановлению вузовского санатория-профилактория, пионерлагеря «Восток-3». Причем большей частью эти мероприятия финансируются из тех средств, которые смог заработать сам КазНУ.

В течение всего круглого стола шел заинтересованный разговор, в котором участники оперировали фактами и цифрами, подтверждающими необходимость дальнейшей популяризации здорового образа жизни, усиления охраны труда, совершенствования методик лечения больных, привлечения к этому самой молодежи. Среди приоритетных направлений — профилактика туберкулеза, иммунодефицита, вирусного гепатита, охрана материнства и детства, развитие первичной медикосанитарной помощи. По итогам круглого стола «Молодежь выбирает здоровый образ жизни» была принята программа-резолуция, которая направлена во все заинтересованные организации, чтобы лоббировать внесенные предложения. Но вместе с тем стоит еще раз подчеркнуть, что ваше здоровье — в ваших руках.

М.Т. МУКАШЕВА, председатель профсоюза «Парасат»

Мы - первые!

Победа команды КазНУ

С 12 по 17 апреля 2002 года в г.Ташкенте прошел VI-й Международный студенческий конкурс им. Ф.Ф. Мартенса, в котором приняли участие 12 команд стран Центральной Азии, в том числе 3 команды из Казахстана — «Евразия» (Евразийский национальный университет им. Гумилева), КазГЮУ (Казахский гуманитарно-юридический университет), а также команда нашего университета, выступавшая под названием «Фемида-КазГУ». Нужно отметить, что конкурс им.Ф.Ф. Мартенса проводится среди команд, представляющих университеты страны СНГ. Конкурс ежегодно проводился в городах Санкт-Петербург, Москва, Минск. Начиная с 4-го конкурса, его участники были разделены на две группы — университеты из европейской части СНГ участвовали в конкурсе прошедшем в Москве, а университеты стран Центральной Азии — в Ташкенте.

КазНУ им. аль-Фараби был представлен в этом престижном конкурсе, начиная с 2000 года. Команда нашего университета, состоящая из студентов отделения международного права факультета международных отношений, показала на конкурсе высокие результаты. Три года подряд «Фемида-КазГУ» занимала 2-е место, а в этом году мы завоевали 1-е место. Это стало возможным благодаря уверенному выступлению членов команды — студентов 4-го курса отделения международного права факультета международных отношений Борибековой Гульжан, Алимовой Юлии и Калыбаевой Айжан, которые намного улучшили результаты своих предшественников по команде.

Конкурс им. Ф.Ф. Мартенса является аналогом конкурса им. Жана Пикте, проводимого ежегодно в Европе. Команда «Фемида-КазГУ» получила формальное право на подачу заявки и участие в этом англоязычном конкурсе для студентов европейских университетов.

Нужно заметить, что основная цель подобных конкурсов — это распространение знаний о международном гуманитарном праве. Конкурс состоит из серии игровых ситуаций вообразимого вооруженного конфликта, в которых студенческие команды должны показать свое умение применять нормы международного гуманитарного права к различным ситуациям. По результатам этих игр определяется

негласный рейтинг университетов. Стабильно высокие результаты, которых добивается команда «Фемида-КазГУ» на конкурсе из года в год, обеспечили нашему университету самый высокий рейтинг среди всех вузов Центрально-Азиатского региона. На сегодня сложилась такая ситуация, когда любой ведущий вуз этого региона считает для себя честью выступить в финале оппонентом команды из КазНУ им. аль-Фараби.

Наконец, следует особо указать, что Международный конкурс им. Ф.Ф. Мартенса проводится под эгидой Международного Комитета Красного Креста (МККК), Центрально-Азиатская делегация которого обеспечивает хороший уровень его организации и проведения. Объективность решений жюри обеспечена его интернациональным составом. Например, финал нынешнего конкурса судили профессор Уэльского университета Ричард Пиотровик (Великобритания), делегат МККК, профессор Умеш Кадам (Индия), делегат МККК по работе с академическими кругами г-н Антуан Буве (Женева, Швейцария).

Нынешний конкурс еще раз показал, что подготовка кадров по специальности «Международное право» осуществляется в КазНУ им. аль-Фараби на должном уровне.

С.Ж. АЙДАРБАЕВ, зав.кафедрой международного права, к.ю.н., доцент



Профориентационная работа

ВЕСЕННИЙ БАЛ

Много лет наблюдалось отсутствие у молодежи интереса к естественным наукам. Однако за последние два года наметилась тенденция изменения к лучшему: если в 1999 г. на физфак поступило 125 абитуриентов, то в 2000 г. — 167, а в 2001 г. — 216.

Оживляется и профориентационная работа с целью поднять качество знаний абитуриентов, поступающих на физический факультет: один раз в месяц собирается «Общегородской физический кружок для школьников» и «Мастер-класс для учителей физики»; ежедневно открыты двери лабораторий на всех шести кафедрах для выполнения опытов по физике в рамках «Специального физического практикума для школьников». Проводятся многие другие интересные мероприятия.

Среди них — впервые организованный «Весенний бал на физфаке», который состоялся 13 апреля в межфакультетском актовом зале в учебном корпусе на ул. Масанчи. Зал был украшен разноцветными шарами и многочисленными юмористическими рисунками-плакатами с физическим содержанием. Участниками бала были выпускники всех школ города и ряда школ области и первокурсники физфака, всего около 350 участников.

Возвезд бала стал спектакль «Сотворение физфака в 2-х действиях и 8-ми картинах. Пьеса была написана самими физиками, в качестве артистов выступили студенты и магистранты. Режиссеры спектакля — Жения Лаврищева и Светлана Пак. Идея постановки — рассказать современную теорию происхождения Вселенной в художественной доступной форме, а также в виде эффектных физических опытов раскрыть содержание самых значительных физических законов. Эти цели были успешно достигнуты: школьники с большим вниманием и интересом следили за захватывающим развитием сюжета; студенты-артисты на удивление свободно общались с залом. Восторженно были встречены опыты с жидким азотом, электричеством, магнитами, воздушными потоками и

гироскопами.

В будущем в планы студенческого театра физфака входит постановка пьес таких авторов, как Пушкин, Ростан, Муссерев, Ауэзов, Мольер, Фонвизин. Для детей профессорско-преподавательского состава планируется создать пьесы: «Красная Шапочка», «Снежная Королева», «Золушка», «Колобок и Физика», «Кто в домике живет?», «Винни-Пух, Алиса в Стране Чудес», «Алиса в Зазеркалье».

Эти планы поддерживаются руководством факультета. В творческую группу планируется пригласить представителей всех других факультетов КазНУ им. аль-Фараби, а также школьников. Это будет способствовать реализации главной современной идеи образования в Казахстане — непрерывного обучения.

А.В. ЮШКОВ, зам. декана по профориентационной работе среди школьников, профессор





Сұхбат

— Гүлнәр Әлібекқызы, алдымен жас буының жоғары мәдениетті санатқа көтерілуінің алғышарты неде деп білесіз?

— Мәдениеттің негізі ұлттық мәдениеттен бастау алатыны басы ашық мәселе. «Ұлт азаттығы - ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында дамиды, жеміс береді» дегені бар Мұстафа Шоқай атамыздың. Ендеше, тәуелсіздіктің көк байрағын желбіретіп өркениетті елдер қатарына қосылу барысындағы сапарымызда гасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарды дамыту - жастар бойына ұлттық тәрбие егумен ана баянды болмақ.

— Осы бағытта нақты қандай істерді басшылыққа алып отырсыздар?

— Елбасы Н. Назарбаев: «Жастар мәселесі жастардың өздерінің араласуынсыз ойдағыдай шешілетін емес. Өзін-өзі таныту, өзінің ұстанатын бағыт-бағдарын айқындау, өзінің ойындағысын өзі жүзеге асыру - мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсат-мүддесі осылар болуға тиіс» - деп нақтылап берді. Үш мыңға жуық студенттер тұратын ҚазҰУ қалашығынан «Жастардың руханият орталығы» материалдық жабдықтау жұмыстарынан кейін ашылғалы отыр. Онда жастардың қоғамдық ұйымдары, студенттер кеңесі, үйірмелер жұмыс жасап, мәдени-көпшілік шаралар өткізіледі.

Бүгінгі таңда ҚазҰУ-дегі студенттердің өзін-өзі басқару органдары: Студенттер Сенаты, студенттердің «Сұңқар» кәсіподағы, студенттер кеңесі, басқа да студенттік қоғамдық ұйымдар жұмыс істеуде. Ал «Рух», «Ұстаз», «SIFE» бірлестіктері - жастардың бүгінгі қоғам өзгерістеріне өз ойларын білдіріп, ой-өрістерін дамытуда, еркін кәсіпкерліктің негіздерімен таныстыруда, студенттерге психологиялық көмек

Соңғы уақыт бедерінде жас ұрпақтың біліммен бірге жоғары мәдениетті болып жетілу қажеттілігі байқалып қалғаны белгілі. Оның салдары мәдениеттің түп-тамыры - ұлттық сипатқа тікелей қатысты. Бұл мәселе университетімізге жаңа басшылықтың келуімен жандана бастағаны соңғы уақыттағы атқарылған жұмыстардан белгілі. Осы бағыттағы университетімізде кеңінен қолға алына бастаған іс-шаралар жайында Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың орынбасары Гүлнәр Сәрсенбекованы әңгімеге тартқан едік.

# ӨРКЕНИЕТ БАҒАСЫ - ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

көрсетуде іс-шаралар ұйымдастырса, студенттердің өздерінің құқықтарын білуге «Студенттердің заң емханасы» көмектеседі.

— **Дұрыс екен, жоғарыдағы шаралардың ауқымы ұстаздар қауымына да зор жауапкершілік жүктейтіндей...**

— Ұлттық сананы қалыптастыруда ұлы ойшылдар еңбегінің орны бөлек. Олардың ішінде Абай, Абайды танытқан М. Әуезов тағылымы зор. Тәлім-тәрбиелік мәні үлкен кездесу кештерінің бірі М. Әуезовтің шәкірті академик З. Қабдоловпен «Ұлыдан - өсиет, жақсыдан - қасиет» деген атпен мамыр айында өткелі отыр.

Көптеген мәселелер жастар тәрбиесі саласындағы мамандардың пікірін тыңдай отырып шешуді қажет етеді. Студенттердің екінші үйі саналатын жатақханалардағы тәрбие жұмыстарына да кеңірек көңіл бөлінуі керек. Тәрбие жұмыстары жөніндегі бөлімде жатақханада тұратын бірінші курс студенттерімен арнайы жұмыс жүргізу бағдарламасымен бірге студенттер кеңесінің жұмысын ұйымдастыру шаралары қолға алынууда. Педагогика кафедрасы мамандарымен жас кураторлардың мақсаттары мен міндеттері нақты белгіленіп, оларға бағыт-бағдар беретін «Кураторлар ережесі» дайындалып жатқандығын да айта кету керек.

— **Қазір өсіресе қазақ жастары өмірге бейімделу жағынан ілкімді емес деген көзқарас бар. Бұл ретте қандай шара атқара алып отырсыздар?**

— Шындап келгенде біздің осы

жұмыстарымыздың барлығы сол бағытқа басымдық беріп отыр. Студенттеріміз еліміздің, жеріміздің, оқып жатқан шаңырағының тарихын білмей, ұрпақтар сабақтастығын түсінбей жан-жақты маман болуы екіталай. Осы орайда университетіміздегі музейлермен бірге «Шамшырақ» түлектер қауымдастығының алатын орны ерекше. Университетіміздің тарихына арналған бағалы экспонаттарға бай ҚазҰУ-дың тарихына арналған музейдің де атқарар шаруасы қыруар. Университетіміздің құрылғанына 70 жыл толу мерейтойы қарсаңында екінші жаңа зал жөнделіп, жаңа дизайнмен жасакталуда.

Қазіргі таңда университеттің имидждік саясатын жанжандыру, ұрпақтар сабақтастығын нығайту мақсатында құрылған «Шамшырақ» түлектер қауымдастығының жұмысы жандану үстінде. Оның интернет жүйесінде сайты ашылып, факультеттерде «Үздік студент» байқауын өткізді. Сондай-ақ ардагерлер алдасы мен «Шамшырақ» паркіне тағаш отырғызылды.

Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайын жастарымыздың бос уақыттарында жиналатын орны ғана емес, оларды болашаққа жетелейтін, өздерін сан қырынан ашуға ықпал ететін шын мәнісіндегі орталыққа айналдыру үшін жұмыс істеп жатырмыз. Университетіміздегі

студенттерге арналған он көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыстарын қыркүйек айынан бастады.

— **Бүгінгі барша үшін маңызды сала - жастарды әлеуметтік жағынан қолдау мәселесі қалай шешімін тауып отыр?**

— ҚазҰУ-де әлеуметтік мәселелер бірнеше бағдарлама негізінде іске асырылып келеді. Солардың ішінде арнайы «Жастар» бағдарламасы бойынша «Денсаулық жылына» байланысты атқарылатын іс-шаралардың жоспары жасалды. Жастарға әлеуметтік көмек көрсету - денсаулық және құқық, бос уақытын ұйымдастыру, білім алу, отбасында, ұжымда бір-бірімен қарым-қатынас проблемаларын шешу, өмірлік жолын таңдау және қоғамда бейімделу мәселелері бойынша консультациялық, практикалық, ұйымдастырушылық көмек алуына жәрдем беретін әлеуметтік қызметтің жүйесін дамытудамыз.

«Жастар» бағдарламасы бойынша 2002 жылдың басынан бері әлеуметтік жағдайы нашар 31 студентке материалдық көмек, 25 студентке ыстық тамақ, азық-түлікпен қамтамасыз етуге қаржы бөлінді.

**Б. ТӨЛЕПБЕРГЕН,**  
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметінің жетекшісі

Бәйгеге

## Ұлттық рух жоғалмасын

Құрметті оқырман! Біз «Қазақ университеті» газетінің өткен санында бүгінгі жастардың бойына ел қорғау мен отансүйгіштік қасиет дарытатын, сол бағытта тәрбиелеуге ықпал жасайтын мазмұндағы материалдарға бәйге жариялаған болатынбыз. Газеттің келесі санында бәйге қорытындысы шығарылатынын ескертіп, үміткерлердің асығуларын өтінер едік.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Соңғы уақыттарда баспасөз беттерінде кеңестік жүйе қазақты сужурек қылды деген пікір айтылып жүр. Қалай айтсақ та, кеңестік патриотизм мен қазіргі патриотизмді салыстыруға келмейді. Енді үрейден арылатын кез келді.

Қазіргі өрбір қазақ жастарының бақыты - ұлттық рух. Бүгінгі күнге дейін үстемдік етіп келген интернационализмнің ұлтжандылықты сыртқа тепкендігі соншалық, қазақ қазақ болудан үркетін еді. Тіпті, өзіміз көшеден жиі кездестіріп жүрген адамдар арасындағы қатынаста қазақ тіліннің шұбарланып қала беруі осының нәтижесі емес пе?

Бір сөз тарих қойнауына көз жіберсек, аң стиліндегі үлкен өркениеттің өлі күнге адамзат мәдениетінде орасан орын алуы - сактардың өзіндік рухында жатыр. Иә, өз рухын биікке көтерген өркениет кейінгі ұрпақтарына оралып отыр.

Патриотизм ұғымы тек отансүйгіштікпен ғана шектелуі мүмкін емес. Ұлттық рух биік болмаған жерде ешқашан патриотизм ұғымы дамымайды.

Біз нағыз демократиялық егемендікке ие боламыз десек, Қазақстан Республикасындағы жүргізіліп жатқан реформалар, заңдар мен экономикалық өзгерістер халықтың қалыптасқан салттары мен ғұрыптарына кері әсер етпеуі тиіс. Яғни, ел экономикасы да ұлттық сипат алуы керек.

Жалпы, рухы езілген, еңсесі түскен ұлт өзін-өзі қорғай алмайды. Әлемдегі қуатты елдердің көпшілігінде, сондай-ақ, көрші аймақтардағы саяси терроризм сол мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне төнген қатерлердің біріне айналып отыр.

Азғантай ғана шешендерді Ресей сияқты алпауытпен арпалыстырып қойған, әрине, биік рух, өз болмысын жоймаймын деген қасиетті ұғым. Әлемдегі тұрақсыздық, әр жерде соғыс өртінің тұтанып жатуы - жастар бойына отансүйгіштік тәрбиені қайта сіңіріп, өзіміздің қорғаныс саясатымызды нығайта түсуіміз қажеттігін алға тартады. Бұл мақсаттағы жұмыстардың пәрменді мәнге ие болуы үшін құлқын психологиясынан ада болып, рухымызды қайта тазалауымыз керек шығар.

Біз қазір қазақ жастарының бойынан патриоттық қасиет көре аламыз ба? Жалпы біздің қоғамда патриоттық идея бар ма?

Соңғы кезде қазақ зиялыларының бірқатары американдық үрдісті ұстанса, ал енді бірқатары костілділік идеясын қолдап жүр. Әрине, бұл жерде ешқандай патриоттық идея жоқ. Әлде оның туып, қалыптасуын тағы 30 жыл күтеміз бе?

**М. ИСАЕВА,** филология факультетінің 2 курс студенті

Ұлаққағыс



## Ардақты айтыс жанашырлары!

8-ші мамыр күні сағат 15<sup>00</sup>-де Алматыда, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ө.А.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында республикалық ақындар айтысы өтеді.

Жыр додасын біздің ұлттық университет пен белгілі айтыс қамқоршысы Жүрсін Ерман бірлесіп ұйымдастырып отыр.

Бұл өнер тойының ерекшелігі - сахна төріне Л.Н.Гумелев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың айтыс ақындары шығады. Олар республика көлеміне кеңінен танымал Мұхамеджан, Аманжол, Айнұр, Балғынбек, Жібек, Оразалы, т.б.

Бұл тек жыр бәсекесі ғана болып қалмай, ән мен күй, би де бәйгеге түсер өнер жарысы да болмақшы.

Сондай-ақ, айтыс Алматы мен Астана қалаларының деңгейіндегі мәселелерді тақырып арқауы етеді деп күтілуде.



Сәуір айының 20-шы жұлдызында ҚазҰУ қалашығында орналасқан кинотеатрда қазақтың қанжығасына байланған сүбелі өнердің мәртебесі бір артып, сүлейлі сөздің салмағымен тоятпаған суырыпсалма студент ақындардың айтысы болып өтті.



Жеңімпаз Қанат ТІЛЕУХАНҰЛЫ

Биыл денсаулық жылы деп жарияланғандықтан айтыстың тақырыбын «Дені саудың - жаны сау» деп атапты. Қауырсын қанат қарлығаштардың меселін қайтармай, ұшуға команданып отырған бала қырандардың томағасын баппен сыпыруды, қасиетті өнердің батпандай жүгін көтеруге талпынған жас буынға демеу болуды мақсат еткен университеттің «Сұңқар» студенттер кәсіподағы мен Халифа Алтай атындағы халықаралық ислам қоры болды.

Айтысты республикаға танымал арынды да арқалы ақын М.Тазобеков жүргізді.

Айтыс өткен залға көрермендер толмай қалады-ау деген алғашқы қорқыныштың керегі болмай қалды. Әйтсе де, жыр бәсекесіне жиналған қауымның дені студенттер ғана ма деп қалдық. Айтысқа уәдесін беріп келмей қалған кейбір басшы қызметкерлердің орнын

# КИНОТЕАТРДАҒЫ СӨЗ САЙЫСЫ

сайысқа қазылық еткен үлкен ағалардың тобы артығымен толтырып тұрды. Олар ащы тіл мен төтті әзілдің түбін түсіретін Ш.Айдаров, айтыстың төл перзенттері Е.Жұматаев, Б.Әшірбаев, О.Досбосынов және С.Мәлімбаев мен Қ.Зарлиевтер еді.

Сонымен, факультеттің намысын қорғап, көкейде жүрген, кеудеге тұнған жыр моншақтарын тарту еткендер Қ.Тілеуханұлы, Е.Ысқақов, К.Көпбаева, Ж.Жұмакүлбаева, Ж.Бөгенбаев, Ж.Смайылханов,

А.Шөнгебаева, Т.Жаманов секілді студент қыз-жігіттер болды.

Әділ баға берген қазылар алқасының шешімімен 1 орын Қ.Тілеуханұлына (филфак), 2 орын Ж.Бөгенбаев пен Ж.Смайылхановқа (екеуі де геофактан), 3 орын Ж.Жұмакүлбаеваға (журфак) берілді. Қатысушылардың барлығына сый-сыяпат жасалып, ақ тілектер айтылды.

Өз кезегінде ректорат тарапынан келген Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың орынбасары Гүлнәр Әлібекқызы да айтыс өнеріне жанашырлығын көрсетіп, арнайы сыйлықтарын табыс етті.

Соңында көрермен

сурауымен сахнаға шыққан Ш.Айдаров пен Е.Жұматаевтың, Б.Әшірбаев пен О.Досбосыновтың айтыстары, сондай-ақ М.Тазобековтың жырауларша төккен шырайлы шумақтары сананы бір серпілтіп тастады.

Осындай ұлтымыздың бағалы өнерін арзандатпай жас ақындардың басын жиі-жиі қосып, аяқ алыс, бағыттарын бақылап, жол көрсетіп отырса, нұр үстіне нұр болар еді дейміз.

Қанатың талмасын жас ақын. Сені алда талай үлкен сахналардың төрі күтіп тұр. Алланың нұры жаусын!

**Торғын ТҮРЛЫБАЕВА**



Студент көктемі - 2002

## Өнеріміз өрге өрлеуде

Соңғы кезде өміріміздің өзге салалары сияқты өнеріміз де нарықтың қыспағына түскені аян. Оған қамқор әке көзімен қарағанда ғана өміршең сипат дарытарымыз анық. Осындай жанашыр қадамның бірі ретінде университетіміздің ректоры Төлеген Әбдісағиұлының бастамасымен жақында студент-жастардың рухани орталығы өмірге келмек. Сондай-ақ, бұрын өз нәтижесін бермей келген драма үйірмесі де «Қазақфильмнен» келген белгілі режиссер Кенжебай Дүйсенбаев жетекшілігімен қайта жасақталып, өзінің жемісін беріп те үлгерді.



Меруерт ҚУМАРОВА, «Ең үздік әйел» номинациясының иегері

Сәуір айының 4-де Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрында Бостандық ауданы әкімшілігінің ұйымдастыруымен «Студент көктемі» атты студент-жастар фестивалі өтті.

Жалпы алғанда Бостандық ауданында үлкенді-кішілі 22 оқу орны бар екен. Осы оқу орындарынан студент-жастар фестиваліне қатысып, бақтарын сынады.

Олар өздерінің ұйымдастырып әкелген сахналық қойылымдарын көрермен назарына ұсынды. Біздің Меруерт, Жұлдызай, Кемшат атты үш қызымыз Б.Майлиннің «Майдан» пьесасынан үзінді қойып,

алдыңғы қатардағы орынды иеленсе, қазылар алқасының шешімімен журналистика факультетінің 2 курс студенті Құмарова Меруерт «Ең үздік әйел» номинациясын жеңіп алды.

Біз енді құрылайын деп жатқан «Жастардың рухани орталығының» алғашқы қадамынан-ақ осындай сәтті нәтижені көріп отырмыз.

Ендеше, біздің университетімізде өз қабілеттерін таныта алмай жүрген Меруерт сынды қыздарымыз аз емес. Солардың көзін аша білген абзал.

Есембек ЖҰМАҒАЛИ

## Тарихшылар «Томирисі» тамашалады

Тарих факультетінің ғалым-оқытушылары және студенттері көктем мерекесі қарсаңында ұжым болып бірлесіп, М.О.Әуезов атындағы академиялық театрға «Томирис» тарихи - трагедиялық қойылымын көруге барды.

Факультет деканы, т.ғ.д., профессор Қ.Т.Жұмағұловтың тікелей ұсынысымен жасалынған бұл мәдени бастама ұжым үшін сәтті шыққан шара болған еді. Қазақстандық театр өнерінің тағы бір қырына төңгі болып, ұжым мүшелері өртістер өнеріне дән ризалықтарын жасырып қала алмады. Қойылымның режиссері Тұңғышбай әл-Таразидің осыған дейін де бірқатар сахналық шығармалардың дүниеге келуіне ұйытқы болып жүргендігі театр көрермендеріне белгілі.

Қазіргі уақыттың тыныс-тіршілігінде қазақ өткенінің өркениетті бел-белесін ұрпақтан ұрпаққа дәнекерлеп тұрған театрдағы тарихи қойылымдар рөлінің заман тынысында

алар орны зор. Қойылымның көркемдік құрылымы жақсы жаратқан.

Жалпы, осындай тарихи қойылымдардың сахна төрінен жиі қойылып тұрғандығы қажеттілік және қазіргі рухқа жастарды жігерлендіру осындай мәдени тәрбие құралдарының дүниеге келуі, жаңғыруымен жүзеге асатындығы сөзсіз. Театр өртістері мен қоюшы режиссерларына ұлттық тарихымызды жандандыратын тамаша шығармаларды көрермендер назарына ұлкен ауқымда әкеле берулеріне факультет ұжымы тілек білдіреді.

Л. ИСОВА, аға оқытушы

### Құттықтау

## Қыздың жасын сұрамайды...



Филология факультетінің қазақ тілі кафедрасы ұжымы ф.ғ.к., доцент Айсұлу Шөкенқызы Исанованы 50 жасқа толған мерейтойымен қызу құттықтап, оған мықты денсаулық тілейді.

Айсұлу Шөкенқызы ширек ғасырдан бері осы кафедрада жемісті еңбек етіп келеді. Ол университет жанындағы аспирантураны бітіріп, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» белгісіне ие болды. Осы жылдарда ол 50-ге жуық мақала, 10-нан аса оқу-әдістемелік еңбектер, 1 монографияны жарыққа шығарды.

Ол үлкенді құрметтей, кішіні сыйлай білетін, адал еңбегімен, биік адамгершілігімен әріптестерінің құрметіне бөленіп жүрген жан. Біз әріптесімізге алдағы уақытта да ғылыми-шығармашылық табыстар тілеп, асар асуыңыз биіктей берсін деген ізгі тілек айтамыз.

Қазақ тілі кафедрасының ұжымы

### Алғыс айтайын деп едім...

## Тәртіп жасағының жәрдемі

Мен, Айтуарова Азиза, университеттің ғылыми кітапхана қызметкерімін. Үстіміздегі жылдың 15 наурызы күні кешкі сағат 21.30-да университет қалашығындағы дүкеннен нан алуға бардым. Қайтар жолда арақ ішкен бөгде бір жігіт таса жерден шығып, маған күш көрсетіп, тарпа бас салды.

Мен қорыққанымнан айғайлап та жібердім. Ол жігіт бөгде біреулердің сөйлесіп келе жатқан дауыстарын естіп, мені қоя берді. Университетте құрылған «Құқықтық тәртіп сақтау жасағы» тобының көмегімен әлгі бузақы қолға түсті. Оның ісі тәртіп сақтау жасағының жетекшісі К.Зарлиевтің кабинетінде қаралып, өзінің тиісті жазасын алды.

Мен университеттегі осындай азаматтардың асқар таудай еңбегіне риза бола отырып, бұдан да биік табыстарға жете берсін демекпін.

Өмір болған соң, осындай кеудені басар іс-әрекеттер көптеп кездеседі. Жоғарыда айтылған оқиғаның сол түні менің басымда болатынын ойлаппын ба?

Қазақтың бетке ұстар азаматтары осындай шаралар жүргізбесе, мен сияқты қыздардың ар-ожданы қорғансыз, аяқ асты болып қала берер ме еді?

Мен осы хатым арқылы «Құқықтық тәртіп сақтау» жасағындағы ұл-қыздарға шексіз алғысымды білдіре отырып, осындай іс-шаралар болашақта қолға алынып, терең тамырын жая берсін демекпін.

А.М. АЙТУАРОВА



Фотоэтиюд

Нәзімді дәл айтқанменен барлығын, Мамыржанның бұл өмірдің дәлдігін. Ол алғашқы бір келерін білгенмен, Кім біліпті кеп қаларын дәл бітімі. Артығали ЫБРАЕВ

Фотоэтиюд

Қырмызы Жаманқұлова, ҚазҰУ-дың 1 курс студенті

### Наше здоровье

## ЗДОРОВЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ – ЗАЛОГ УСПЕХА

Как известно, 2002

год объявлен президентом РК Н.А.Назарбаевым «Годом здоровья». В связи с этим в нашем университете создан координационный совет по вопросам формирования здорового образа жизни, который возглавляют проректор по языкам и воспитательной работе Н.О. Омашев и проректор по научной работе А.И. Купчишин.

В разработке комплексного плана работы совета приняли участие кафедры физвоспитания и спорта, безопасности жизнедеятельности, научная библиотека, студенческие общественные объединения, здравпункт, профсоюз «Парасат», пресс-служба, газета «Қазақ университеті», отдел по социальной работе и отдел по воспитательной работе. В плане предусмотрен ряд мероприятий, направленных на формирование здорового образа жизни студентов и сотрудников: спортивная спартакиада «Здоровье», 17-ая спартакиада студенческих общежитий, 55-ая межфакультетская спартакиада, выставка научно-популярной литературы, пропаганда здорового образа жизни в СМИ, открытие консультационного пункта, санитарно-просветительская работа, обновление банка данных, встречи, семинары, круглые столы, лекции.

Таким образом, в стенах университета делается все для утверждения и закрепления основ здорового образа жизни студентов и сотрудников. Ведь общеизвестно: здоровье народа – залог успешного продвижения страны по пути прогресса и процветания.

Отдел по воспитательной работе

## Достық өзіп

Профессор Абдул-Хамид Мархабаевқа

Шаумян, Мирзояндар етпес айып – Армянын коньят болды ғайып. Құйқылжыған журфрактын қай заманда Анастас Микояны – Мархабаев. \*\*\*

Доцент Қырықбай Алдабергенге

Тарихтын сүзіп жүрген сала-сайын, Қабағымен аңғартқан ауа райын, Атманын бергеніне шүкір дейді Дәл осы тұс вице-декан Қырықбайын. \*\*\*

Доцент Сағатбек Медеубековке

Париж қайда?.. Медеуге тарт, Сағатбек! Шерше ля фам, таусылмасын тағат тек. Он алты қыз – кордебалет – магистрант... Казанова айтпас мұның ағат деп. \*\*\*

Доцент Аманқос Мектептегіне

Өзгеше стилі бар жүрiсiнде, Тәнба, бiшiн мөрленген тұр-түсiне. Мектептегi шумердегi бас шұлғиды Гәспiрәлi, Халелдiн үрдiсiне.

Кәкен ҚАМЗИН, журналистика факультетінің мерзімді баспасөз кафедрасының доценті

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

### АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;  
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;  
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;  
Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;  
М.Т. МҰҚАШЕВА - «Парасат» кәсіподағының төрайымы;  
А. ЕЛІБАЕВА - студенттердің «Сұңқар» кәсіподағының төрайымы.

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;  
Бас редактордың орынбасары - Ербол Әбдірәсілов;  
Жауапты хатшы - Дарига Амангельдиева;  
Теруші - Айтгүл Бабасова;  
Көркемдеуші-беттеуші - Айдын Әбдібекұлы;  
Фототілші - МАМЫРЖАН;  
Немірдің кезекші редакторы - Сәндібек Жұбаниязов.

### МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 10-қабат, №1000 бөлме. Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94.

Нөмір тапсырушының дайын диапозитивтерінен «Полиграфсервис» баспаханасында (Жандосов көшесі - 55) 29.04.2002 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 3000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. № 152 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды.